

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургия» кафедрасы	44 / 11 ( )	
«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені	44 беттің 1 беті	

## ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән:	«Жалпы хирургия»
Пәннің коды:	ZhH 3305
ББ атауы:	6B10115 «Медицина», 6B10116 «Педиатрия»
Оқу сағаттары/ кредиттерінің көлемі:	90 сағат/(3 кредит)
Оқытылған курс және семестр:	3 курс, V семестр
Дәріс көлемі:	6

**Шымкент, 2024 ж.**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA  
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL  
ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

44 / 11 ( )

«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені

44 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Жалпы хирургия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленді және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 10<sup>5</sup> 30.05.24

Кафедра менгерушісі  
М.Ғ.К., доцент м.а.

Жумагулов К.Н.

## №1 дәріс

### 1. Тақырыбы: Антисептиктер.

**2. Максаты :** Студенттердің антисептика туралы жалпы сұрақтары бойынша білімдерін дамыту және нығайту, әртүрлі инфекция түрлерін тануды және олардың таралу жолдарын анықтауды, түрлі алдын алу іс - шараларды және олармен күресу жолдарын үйрету .

### 3. Дәріс тезистері :

#### Антисептика

« Антисептика >> және «асептика » - деген түсінік грек тілінен алынған «анти» - қарсы , « сесис » - шіру , « а » - жоқ деген сөздерінен келіп шыққан. Басқаша айтқанда бұл шірудің алдын алып және шіруді емдеуге немесе шіруге қарсы қолданылатын әдістер. Хирургияның даму тарихынан антисептик кезеңге ( XIX ғасырдың ортасына дейін ) жарақаттанған ( аурулардың ) және ота жасалған аурулардың көп өлгендігі анық . Сол себепті әйгілі хирургтар ота жасалған ауруларда келіп шығатын асқынулардан қорыққан . Әйгілі хирург Н.И.Пирогов білімсіздіктің бағасы жарақаттан өлгендердің өмірімен есептеледі және өткізілген ота



Көбінесе өлім алып келеді деген. 1867 жыл антисептика кезеңінің басталуы деп есептеледі . 1867 жылы ағылшын хирургі Д. Листер ( 1827-1912 ж. ) көп жылдар өткізген емін бақылауларын талдап өзінің әйгілі жұмысын баспадан шығарды.«Сынықтарды» және « Іріндерді » емдеуді жаңа әдістері . «Іріндеудің себептері» . И. Земмельвейс ( 1847 ж. ) туғаннан кейін келіп шығатын сепсистің алдын алу үшін акушерлердің қолын хлорлы әк ерітіндісімен өңдеуді қолданып - перзентханаларында жақсы жетістіктерге жетті.Н.И. Пироговтың шәкірттері-Э.Бергман және Шиммельбуш аспаптарды стерилизациялау әдісін енгізді. 1890 жыл Берлинде өткен Э.Бергман асептикалық әдіспен ота жасалған науқастарды көрсетті. К.М.Сапешко жарақаттарды емдеудің антисептик әдісін енгізді .

#### Антибиотиктердің медицинаға енгізілуі .

Қабыну процесінде және іріндегенде антибиотиктерді қолдану медицинада жана кезең.« Антисептика » -бұл ірінді процесте іріндеуді қоздырушыларды азайтуға , жоғалтуға бағытталған комплекс шаралар: Антисептиканын теменде көрсетілген турлері ажыратылады :

- Механикалық-жарақаттарды ота әдісімен өңдеу ( жарақаттың шеттерін, түбін тіліп ашу ) . 1898 жылы Фридрих заманынан енгізілген жарақаттардың шетін тіліп алып тастау әдісі. Қазіргі кездерде кеңінен қолданылатын әдіс.
- Физикалық- жарақаттарды, қуыстарды ашық және жабық емдеу әдістері: ауа ағымын қолдану, каркас астында емдеу , ультра фиолет сәулелендіру , мақта, матаның гигроскопиктерін қолдану,әр-түрлі дренаждаушы аспаптарды қолдану, жарақат бетін вакуум әдісімен емдеу, жарақат бетін, қуысты лазер сәулесімен өңдеу, қабыну процесінде электромагнитпен емдеу.
- Химик антисептика және осы әдісте істелінетін анорганикалық қоспалар-Галлоидтар . Барлық галлоидтардың антисептик әсері бар , барлығын жалпы тиісті тәсіл механизмі , олар ұлпалардың молекуляр құрылымын бұзады . Олар дара күйінде жарақаттанбаған теріні күйдіреді, сол себепті олардың бас заттармен қосындысы істетіледі.



Хлорлы су ( Aqua chlorata ) теріге дәкеге сіңдірілген күйінде қойылып істетіледі - 0,2 % ерітіндісі күйдіргі жарасының таяқшасын - 15 секундта бос хлордың әсерінен өлтіреді ( сирек қолданылатын әдіс ). Хлорамин - қурамында 12,0 - 13,0 % актив хлор бар. 0,5-1 % ерітіндісі жарақаттарды жууға , теріні шырышты қабықпен қапталған қуыстарды шайқауға істетіледі.

Дихлорамин - құрамында 3 % актив хлор бар , 2-10 % - ті майлы ерітіндісі конъютива, жұтқыншақты өңдеуге қолданылады .Хлораид - құрамы -50 %  $\text{NaHSO}_4$ , 35 %  $\text{NaCl}$  , 15 % -бертолет тұзынан тұрады . 1-2 % сулы ерітіндісі қолданылады.Ота жасауға қатысушыларыдың қолын , операцион майданын, жарақат айналасындағы теріні өңдеу үшін - йод және құрамында йод бар препараттар кеңінен қолданылады . Кристалды таза йод Ситковский әдісімен кетгутты стерилизациялауға істетіледі . Йодты препараттардан жиі істетілетіндері: Йодтын спиртті тұнбасы ( Trae Jodi 5-10 % ) ота жасаушылардың қолын операцион майданын , жараның айналасын өңдеуге .

Люголь ерітіндісқурамы 1 г йод, 2 - ші бөлігі йодты калий және 17 бөлігі судан . Қоздыру әсері әлсіздеу. Ауызды, көмекейді, жыланкөздерді, кетгутті өңдеуге қолданылады.

Сапешко ерітіндісі - құрамында 0,25 % йод 30 % спиртке ерітіліп 1-2% калий йод қосылған.

Иодофрам (  $\text{CH}_3\text{-Jodoformium}$  ) ( сары реңді порошок , өткір иісті. Іріңді – шіріген процестерде присыпка түрінде істетіледі. Шіріген процестерді жағымсыз иісті жоғалту үшін дезодорант есебінде істетіледі . Майлы және эмульсиялы препараттар даярланады ( Окислетели ) Тотықтандырушылар . Бор қышқылы (  $\text{H}_3\text{BO}_3$  - Acidum borium ) Әлсіз антисептик . 2 - 3 % ерітіндісі ылғалдандыру үшін және құрғақ присыпка күйінде қолданылады . Көк реңді таяқшалармен зақымданған жараларды емдеуде кең қолданылады . Марганцево қышқыл калий (  $\text{K}_2\text{MnO}_4$  - Kalium hypermanganicum ) - кристалл, суда жақсы ериді, күшті тотықтырғыш, жағымсыз иісті жоғалтады - дезодорант . ) Жараларды, тері ойықтарын емдеу үшін сулы ерітінділері істетіледі . Қою - күшті ерітінділері ұлпаларды күйдіреді . ( Сутегі перекисі (  $\text{H}_2\text{O}_2$  Hydrogenium peroxidatum ) . Пергидроль 30 %  $\text{H}_2\text{O}_2$  тұрады . Қуыстарды іріңді жараларды жуу үшін істетіледі . 6 % - ті ерітіндісі аспабтарды суық өңдеу үшін қолданылады . Анаэроб инфекцияларды емдеуде сутегі перекисінің 3 % ерітіндісі жиі қолданылады. Ұлпалар , ірің сілекше бар жерде  $\text{H}_2\text{O}_2$  суға және атомар оттегіге ажырайды . Атомар оттегі бактерицидті әсер көрсетеді . Рекиядан пайда болатын көбірек механикалық әсер көрсетіп жарадағы бөгде заттардан, өлік ұлпалардан, іріңнен тазалайды.

### Ауыр металдар .

Сынап : сынаптан даярланған препараттар күшті ұлпаға әсері бар ұлпалар .

Сулема (  $\text{Hg CL}_2$  Hydrargyrum bichloratum ) күшті антисептик 1 : 1000- 1 : 5000 концентрациялы ерітіндісі бактерицид әсері бар . Жараға қолданғанда ұлпаларды некроздайды , ұзақ қолданғанда организмді улап бүйректің қызметін бұзады . Нефротосик сулема ерітіндісі жарықтықта ыдырайды .

Цианид сынаптың негізі ( Hydrargyrum oxucianatum ) 1:1000 және 1: 5000 ерітінділері урологияда істетіледі . Күміс антисептик күйдіретін , әсері бар күмістің азотқышқыл тұзы (  $\text{AgNO}_3$  Azgentum nitricum ) күшті әсерлі антисептик 2-5-10 % сулы ерітіндісі және майлы дәрі күйінде күйдіргіш , қоздырғыш мәнісінде қолданылады . Ұлпаларға тигенде сүтқышқылды күміс пайда болады .

Сіркеқышқыл алюминий тұзы ( Jig . Alumini acetici ) Буров сұйықтығы ( Jig Burowi ) және басқа да ерітінділері әлсіз тітіркендіргіш мәнісінде қолданылады .

Осмотик препараттар ас тұзының ( 3-5-10 % ) ерітіндісі жайлы және тамыр ішіне егіп қолданылады. Глюкозаның Гипертоник ерітіндісі.

### Органикалық заттар.

Фенолдар тобы : карбол қышқылы ( Acidum carbolicum ) кристалды зат. Дезинфекция үшін 2-3 % ерітіндісі қолданылады .

Креозол - майлы сары реңді сұйықтық дезинфекция үшін 2-5 % ерітіндісі қолданылады .

Үшкреозол - стоматологияда қолданылады.

Креолин күшті антисептик 1:15000 сұйылтырылғаны - бактериостатик, 3 % ерітіндісі бактерицидті әсер көрсетеді .

Лизол - санитария түйіндерін дезинфекциялайды. 5 % пикрин қышқылы және 3 нитрофенол ( picros - ащы ) күшті антисептик .Ихтиол альбихтнолдың 5-10 % майлы дәрісі іріңді қабыну процесін емдеуде қолданылады. Нафталан- мұнайдан алынады , майлы дәрілер дайындағанда негізі болып алынады .



Ірінді қабынған процестерде , күйіктерде созылмалы ойықтарды, созылмалы бітпейтін жараларды емдеуде қолданылады. Салицил қышқылы- присыпка, май мазь күйінде шіру процесін емдеуде жасалады. Жараның беткейін жақсы тазартады.

Формалин -формальдегидтің 40 % ерітіндісі ұлпаларды сусыздандырады , құртады , ақуыздарды жиырылдырады . Күшті қоздыратын иісі бар .

### **Бояулар .**

Риванол - сары майда порошок акрин қатарынан 1000 және 1 : 5000 жаңа ерітінді күйінде жасалады . Метилен көгі ( Methylenblau ) кристаллы порошок суда еріп тойынған кек реңге боялады . 0,2-0,5 % сулы және 2-5 % спиртті ерітінділері антисептик тәсілі . Көміртегі окисі және синиль қышқылымен уланғанда антидот есебінде қолданылады .

Бриллиант жасылы ( Brilliantgrun ) жасыл алтын реңді ұнтақ, ерігенде жасыл реңге боялады , күн сәулесі әсерінен ыдырайды . Ірінді жараларды , жарақаттарды , күйіктерді емдеуде қолтанылады .

Бальзамдық : жағар майлар

Вишневский майы - ксероформ -3,0 Дегот - 5,0

Балық майы немесе мақта майы - 100,0

Сульфаниламидтар - азобензол тобынан шыққан .

Стрептоцид ( Streptocidum ) жақсы антисептик , оған стрептококк ерекше сезгіш , анаэроб инфекциялардың да сезгіштері бар. Тәуліктік дозасы 6,0 .

Сайдекс - 2 % глютеральдегидтің активтелген ерітіндісі . ( В - гепатит вирусын 10 минут қырады , туберкулез таяқшасын - 1 сағатта ) препараттың әсері 14 күн сақталады.

Микроцид - өндеуге қолайсыз , қиын жерлерді тозаңдату әдісімен өңдейді .

Терралин- ( ТРН - 5225 ) беткейлерді ылғалды өндеу үшін қолданылатын концентрат , әсіресе әлсіз жағдайы нашарлаған науқастар жатқан бөлмелерді.

Гигасепт «ФФ» эндоскоп , көріп зерттеу асбаптарын , реанимация анестезиология құрал жабдықтарын дезинфекциялап химик стерилизациялау үшін .

Лизетол – «АФ» медицина асбаптарын өңдеу үшін . Жоғары тазалаушы қасиетін добаптарды стерилизациядан ілгері тазалау және дезинфекциялау үшін қолданылады.

Лизетол - қатқан қан қалдығын, сілекей және де адамнан ажырайтын басқа да сұйықтардан асбап - үскенелерді тазалайды .

Актениамин және Сагросепт гепатит В - ның алдын алу үшін медицина қызметкерлерінің қолын дезинфекциялау үшін қолданылады . Бактерицид әсері 0,5-1 минуттан кейін болады . Препараттың ерекшелігі 6 сағат сақталады . Препарат тері қызметіне әсер етпей жұмсатушы қабілеті бар . Мед.

қызметкерлерінің қолын грибоктан ( қозықарын ) алдын алу емдеу үшін қолданылады .

Октенелерм - операциядан ілгері және басқа да инвазии процедуралардан ілгері теріні дезинфекциялайды . Октенисепт қолдың шырышты қабаты бар қуыстарды дезинфекциялауға, қолды манипуляциядан ілгері кейін өндеуге қолданылады. Бактерия, грибок, вирустардың хломидия , микробактерия , қарапайымдардың өсуін тоқтатады.

**Биологиялық антисептикаға** - ферменттер, энзимдер, қан құю, сары су. Гамма Глобулин анатоксиндер кіреді .

### **Антибиотиктер**

«Антибиотик»- термині 1942 жылы С.А.Вакоман таманынан микроорганизмдерден шығарылған микроорганизмге қарсы әсер етуші заттарды белгілеу үшін кіргізіледі .

«Антибиотик» - деп химиотерпевтік заттарды микробтардан немесе басқа да табиғи кездерден және де синтетикалық жолмен дайындалған - науқас организмінде науқас қоздырушыларға талдап әсер етуші препараттарға айналады . Антибиотиктер кең әсер спектрлі және тар әсер спектрлі болып ажыратылады Антибиотиктер жіктелуі - миробка қарсы әсеріне және химик құрылысына сәкес негізделген .

I Пеницилин тобына кіретін антибиотиктер ( табиғи және жарым синтетикалық )

II Жарымсинтетик цефалоспориндер

III Антибиотиктер Грамон микроорганизмдерге актив әсері абр : маролидтер ( эритромицин , омандрмицин және басқалар ) , линкомицин , ристомицин , ванкомицин , фузидин

IV Аминогликозидты антибиотиктер т.б.

V Тетрациклиндер ( табиғи , жарымсинтетикалық )

VI Левомецетин ( хлорамфеникол )

VII Полимиксиндер

VIII Туберкулезге қарсы антибиотиктер :

-стрептомицин және одан тарағандар

-ривамицин , флоримицин , ( виомицин ) циклосерин , канамицин , капреомицин ;

IX Грибокқа қарсы ( противогрибковые ) препараттар : нистатин , гризеофульвин , антрациклиндер , стрептонигрин тобы ( брунеомицин )

Антибиотиктермен емдеуге көрсетпе лаборатория әдісімен микрофлораны және оның антибиотиктерге сезгіштігін анықтағаннан кейін қолданылады. Бактерия әсерінен келіп, шыққан ауруды инфекцияға қарсы бағытталған нәтижелі ем өткізу үшін ауруды шақырушы микроорганизмді ажыратып бактериологиялық диагноз қойып, бактерияның антибиотикке сезгіштігін анықтайды.

Антибиотиктермен емдеуден ілгері аурудың диагнозы бактериологиялық, серологиялық зерттеулермен негізделген және ауруды шақырушы микроорганизмнің антибиотикограммасы болуы қажет.

Осы талаптарға кіретіндер:

1 . Сепсис , септик эндокардит , бактерияльды менингит , остеомиелит және басқалар

2. Ауруханада жатқан науқастарда келіп шыққан ауруда

3 . Зәр шығару , өт шығару жолдарының және тыныс жүйесінің созылмалы инфекциясында антибиотикке әр - түрлі сезгірлі микроорганизмдер ассоциациясы шақырғанда

4 . Кортикостериол , иммунодепрессанттар мен ем өткізіліп жатқан науқастарда инфекциялы асқыну болғанда және басқа жағдайларда

Үлкен маңызды мәселе бұл - микроорганизмдердің антибиотикке шыдамдылығы . Іріңдетуші микроорганизмнің ішінде антибиотикке шыдамды түрлері жиі кездеседі .

**5. Иллюстрациялық материал:**(Шолу – иллюстрациялық, [буклеттер](#) қоса беріледі)



**5. Әдебиет:**

- Дұрманов, Қ. Д. Жалпы хирургия: оқулық / . - Қарағанды: АҚНҰР, 2017. - 608 бет. С
- Гостищев В.К. Общая хирургия: учебник и CD.– 4-е изд. – М., 2016. – 832 с.;

**6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс)**

1. «Антисептикалық» термині нені білдіреді?
2. Асептика және антисептика негізін салушы кім?
3. Антисептиканың қандай түрлерін білесіз ?
4. Антисептикалық дәрі дәрілердің жіктелуін атаңыз .
5. Антисептикалық дәрілердің қолдану тәсілдері қандай ?
6. Антисептика түрлерін қолдану ережелерін түсіндіріңіз .

## №2 дәріс

### 1. Тақырыбы: Қан кету және гемостаз. Жіті қанжоғалту.

**2. Мақсаты:** Студенттердің қан кету және гемостаз мәселелері бойынша білімдерін бекіту және кеңейту. Әртүрлі қан кету және гемостаз түрлеріне көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді анықтауға үйрету. Қан кету дәрежесін тануға және әртүрлі асқынулар кезінде науқасқа дер кезінде көмек көрсетуге үйрету.

### 3. Дәріс тезистері:

Қан кету - қанның қан айналымынан сыртқы ортаға немесе ішкі ағзаларға төгілуі. Қалыпты жағдайда адамда шамамен 4 - 5 литр қан болады, оның 60% тамырлар арқылы айналады, ал 40% қан қоймасында (бауыр, көкбауыр және т.б.) болады. Қанның 1/3 бөлігінің жоғалуы өмірге қауіп төндіреді, бірақ ол тез бітетін болса, пациенттер аз қан жоғалтумен өлуі мүмкін. Ерлер қан жоғалтуға нашар төзеді, ал әйелдер қан жоғалтуға көбірек бейімделеді.

**Ішкі және сыртқы қан кетуді ажыратыңыз.** Зақымдалған қан тамырларының түріне байланысты қан кетуі мүмкін

- артериялық,
- веноздық,
- капиллярлық,
- паренхималық,
- аралас

Артериялық қан кету жарадан қанның пульсирленген ағынмен ағуымен сипатталады. Веноздық қан кету кезінде қан күңгірттенеді және өздігінен тоқтау үрдісінсіз үздіксіз ағынмен жарадан көп мөлшерде шығарылады. Жарада кесілген тамыр көрінеді. Бұлшықет-тері жараларында капиллярлық қан кетулер байқалады. Қан үлкен вена зақымданғанға қарағанда аз қарқынды түрде бөлінеді, ол өздігінен тоқтауға бейім, сыртқа ағып жатқан қан мөлшері жараның мөлшеріне байланысты.

*Себебі:*

1. Посттравматикалық – жарақат немесе жаралар, соның ішінде операциялық жарақаттар нәтижесінде;
2. Аррозиялық – патологиялық процеспен тамыр қабырғасының тоттануынан: асқазан жарасы, ыдырайтын ісік, ұлпалар мен тамыр қабырғаларының іріңді бірігуі;
3. Диapedиялық - қан тамырлары қабырғаларының тұтастығын бұзбай қан кету - қан ауруларымен (гемофилия), авитаминозмен (цинга) және т.б.

*Сыртқы ортамен байланыс сипаты бойынша:* Сыртқы, ішкі және жасырын қан кетулерді ажырату.

1. Сыртқы – қан тікелей сыртқы ортаға түседі, сондықтан оны диагностикалау оңай.
2. Ішкі – қан ағып жатқан қанның сыртқы ортамен байланысы жоқ. Сорттары: дене қуысында және тіндерде қан кету.

*Дене қуысында:*

- а) құрсақ қуысында – гемоперитонеум, көбінесе паренхималық мүшелердің зақымдалуымен;
- б) плевра қуысында – гемоторакс, жиі қабырғалардың сынуы немесе пышақ жарақаттары;
- в) буын қуысында – гемартроз;
- г) жүрек қалтасының қуысына – гемоперикард, перикард қуысына қанның едәуір мөлшерде жиналуы жүректің қысылуын – жүрек тампонадасын тудырады.

*Дене тінде:*

- а) қан кету – тіндердің қанмен диффузды сіңуі;
- б) гематома – қуыс пайда болған тіндерде қанның жиналуы;

### **Жедел қан жоғалтудың клиникалық көрінісі қандай?**

Жедел қан жоғалтумен зардап шегуші бозарған, суық тер басқан, әдетте енжар, қоршаған ортаға немқұрайлы қарайды, баяу сөйлейді, бас айналу және «шыбындардың» жыпылықтауына шағымданады немесе басын көтергенде көз алдында қарайып кетеді, су сұрайды. , ауыздың құрғауы байқалады. Пульс жиі, аз толтырылады, қан қысымы төмендейді және көп мөлшерде қанның тез ағуымен тұрақты гипотензиямен геморрагиялық шок суреті дамиды.

### **Артериялық қан кету**

## Сыртқы артериялық қан кетуді тоқтатудың негізгі принциптері қандай?

Көбінесе жәбірленушінің өмірін сақтайтын негізгі шұғыл шара сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату болып табылады. Травматикалық ампутациялар кезінде жоғарғы және төменгі аяқ-қолдың тамырларынан, сондай-ақ аяқ-қолдың діңгегінен қан кету екі кезеңде тоқтатылады: біріншіден, қан ағымын тоқтату үшін артерияны жарақаттанған жердің үстінен сүйектің шығыңқы жеріне дейін басады. жарақат орнына, содан кейін стандартты немесе импровизацияланған турникет қолданылады. Жгуттың астына жгут салынған уақытты көрсететін белгі қойылады. Турникетті қолдану уақыты ілеспе парақта көрсетілуі керек. Сыртқы қан кетуді тоқтату алғашқы медициналық көмек көрсетудің басты мақсаты болып табылады. Артериялық қан кету ерекше қауіпті. Артериялар - қанды жүректен мүшелерге апаратын қан тамырлары. Ең қауіпті жарақаттар - үлкен артериялар - феморальды, иық, ұйқы; бұл жағдайларда өлім бірнеше минут ішінде болуы мүмкін.

Мысалы, феморальды артериядан қан кету 1-2 минут ішінде жәбірленушінің өліміне әкелуі мүмкін. Сондықтан артериялардың сандық қысымының әдістерін және артериялық жгут салу техникасын білу және қолдана білу қажет.

Суретте қан кетуді уақытша тоқтату үшін негізгі артерияларды басу диаграммасы көрсетілген. Артерияны саусақпен немесе алақанмен басу артериялық жгутты қолданбас бұрын жүзеге асырылады. Турникет тек иыққа немесе жамбасқа қолданылуы өте маңызды

*Артериялық қан кетудің белгілері:*

Қан жарадан пульсті ағынмен шығады.


Қанның түсі ашық қызыл.

Қанның пульсациясы пульс жиілігімен сәйкес келеді.

*Қан кету кезінде артерияны басу ережелері келесідей:* Артерияны жараның үстінде басыңыз (жүрекке жақынырақ) Қан кетуді тоқтату үшін артерияны жеткілікті күшпен басыңыз. Турникетті қолданар алдында қысымды түсірмеңіз Беткей артериялар үшін оны саусақпен басу жеткілікті, үлкен артериялар үшін (феморальды) алақанды немесе жұдырықты пайдаланыңыз.

*Ірі артериялардың зақымдануы кезінде жгутты қолдану:* Аяқ-қол аймағын орамалмен (дәке) қан кету орнына (орталық) ораңыз. Зақымдалған аяқ-қолды көтеріңіз. Турникетті аздап созып, аяқтың айналасында 2-3 айналым жасаңыз. Жіптің ұштарын ілмекпен және шынжырмен бекітіңіз. Үйде жасалған жгуттың ұштарын байлаңыз (қалың арқан, мата, белдік). Турникет қашан қолданылғанын көрсететін жазба қалдырыңыз. Турникет аяқ-қолда 2 сағаттан аспауы мүмкін! Жараға стерильді таңғышты жағыңыз.


### Артериальное кровотечение.



Мысалы, суретте көмекші материал бумасының қолданылуы көрсетілген. 1. аяқ-қолдың үстіңгі бөлігін дәке қабатымен ораңыз. 2. Қалың матаны (орамалды) және таяқшаны пайдаланып, экспромттық




### Артериальное кровотечение.



бұралуды қолданыңыз. 3. Таяқшаны айналдыру. Сіз кәдімгі резеңке жолақты пайдалана аласыз. Оны қолдану техникасы күрделі емес. Мысалы, төменгі аяқты ампутациялағанда, сан венасын жұдырықпен қысуды тоқтатпай, сан астынан резеңке жгутты өткізіп, ілмек жасап, қан тоқтағанша қатайтамыз және түйін байлаймыз. Жгут дұрыс қойылса, жарадан қан кету тоқтайды, аяқтың радиалды артериясында немесе дорсальды артериясында пульс жоғалады, дистальды аяқ-қолдар бозарады. Жгуттың астына жгут салынған уақытты көрсететін белгі қойылады.

### Артериальное кровотечение.

#### Давящая повязка для остановки кровотечения



Білектегі, қолдағы, табандағы ұсақ артериялардан қан кетуді жгут салмай, жарадағы тамырларды қысу арқылы тоқтатуға болады. Біз жараға таза майлық жағып, оны толығымен басып, 4-5 минут ұстаймыз. Содан кейін қысымды таңғышты қолданыңыз. Турникет тек көп мөлшердегі көп жаралар мен қолдың немесе аяқтың жаншылған жарақаттары үшін қолданылады. Сандық артериялардың жаралары тығыз қысым таңғышымен тоқтатылады. Бас терісі, бас, мойын және дене аймағындағы сыртқы артериялық қан кету қалай тоқтатылады? Бас терісіндегі (уақытша артериясы), мойындағы (каротид артериясы) және кеудедегі (жақ асты және мықын артериялары) артериялық қан кету жараны тығыз тампонадалау арқылы тоқтатылады. Пинцетпен немесе қысқышпен жара майлықтармен тығыз жабылады, оның үстіне стерильді қаптамадан ашылған таңғышты салып, оны мүмкіндігінше тығыз таңуға болады. Егер артерия жарада көрінсе, онда гемостатикалық қысқыштарды қолдануға болады.

#### Веноздық қан кету

##### Веноздық қан кетудің белгілері

Егер қан қою қызыл түсті болса және жарадан тыныс алу кезінде баяу немесе аздап пульсирленген ағынмен шықса, науқаста веноздық қан кету бар. Ірі веналардан қан кету (фemorальды, субклавияндық, мойындық) қанның тез жоғалуына да, ауа эмболиясының ықтималдығына байланысты науқастың өміріне қауіп төндіреді. Веналардың травматикалық зақымдануынан басқа, веноздық қан кету мұрынның шырышты қабығындағы қан тамырларының жарылуы немесе төменгі аяғындағы варикозды веналар болуы мүмкін. Аспирин қабылдаудан туындаған мұрыннан қан кету, қан қысымының жоғарылауы ұзақ уақыт бойы тоқтамауы мүмкін және науқасты ауруханаға жатқызуды талап етеді. Кез

келген веноздық қан кету үшін алғашқы көмек қысымды таңғышты, суықты және жоғары позицияны қолдануды қамтиды.

#### *Веноздық қан кетуге көмектесіңіз*

Қысым таңғышын салу және суыққа ұшырау. Перифериялық тамырлардан жүрекке веноздық қан көтерілген кезде жараның астына қысым таңғышы қолданылады. Мұндай қысым таңғышы бірнеше зарарсыздандырылған дәке жастықшаларынан немесе жараланбаған бинттен тұрады, оған турникет немесе серпімді таңғыш қолданылады. Веноздық жгутты қолданудың дұрыстығы қанның тоқтауымен, бірақ басылған жерден төмен пульсацияның сақталуымен дәлелденеді. Қан кету көзіне проекциядағы таңғыштың үстіне мұзды немесе суық сумен толтырылған жылытқышты қолданған дұрыс. 30-40 минуттан кейін осы аймақтағы жалпы қан ағымын қалпына келтіру үшін суықты 10 минутқа алып тастау керек екенін ұмытпаңыз.


Егер аяқ-қолдан қан кетсе, оған жоғары позиция беру керек. Мұрыннан қан кету кезінде мұрынның қанаты оның қалқасына басылады, алдымен мұрын жолына 3% сутегі асқын тотығымен суланған мақта шарын енгізу жақсы. Мұрын көпірінің аймағына немесе бастың артына 3-4 минут бойы қан тоқтағанша 3-4 минут үзіліспен суық жағылады. Басты артқа лақтырудың қажеті жоқ, өйткені қан тамақтың артқы жағынан ағып кетеді. Капиллярлық қан кетудің белгілері Жараның бүкіл бетінен қанның баяу ағуы капиллярлық қан кетудің көрсеткіші болып табылады. Мұндай жараның зиянсыз болып көрінгенімен, егер пациент қанның ұюы нашар болса (гемофилия) болса, мұндай қан кетуді тоқтату үлкен қиындықтар тудырады.



Капиллярлық қан кетуге көмектесіңіз. Қысым таңғышын қолдану. Егер сіздің алғашқы көмек жинағыңызда гемостатикалық губка болса, оны жараға жағу керек, содан кейін қысымды таңғышты қолдану керек. Егер мұндай губка болмаса, жараға бірнеше қабат дәке майлықтары жағылады, олар қысымды таңғышпен бекітіледі. Кез келген жағдайда, егер жара аяқ-қолда болса, оған жоғары позиция беріліп, демалумен және суықпен қамтамасыз етілуі керек (мұз пакеті).

**Паренхималық қан кету (ішкі)** жедел ауруханаға жатқызудың себебі ішкі қан кету болып табылады. Ішкі қан кетуге күдік болса, ол келгенге дейін тез арада жедел жәрдем шақырып, алғашқы көмек көрсету керек. Мүмкін болатын ішкі қан кетуді келесі белгілермен анықтауға болады

- терінің бозаруы
- шаршау, ұйқышылдық, әлсіздік
- қан ұйыған жөтел немесе өкпеден қан кетумен қызыл көпіршікті қақырық
- «кофе ұнтағы» құсу немесе асқазаннан қан кетумен бірге қара түсті нәжіс
- суық тер
- қан қысымының төмендеуі және жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы



Алғашқы көмек көрсету алгоритмі осындай болуы керек

- науқас толық тыныштықта болуы керек.
- Мүмкіндігінше таза ауамен қамтамасыз етіңіз
- егер ауырсынуды немесе басқа белгілерді локализациялау арқылы қан кету орнын ұсыну мүмкін болса, онда зардап шеккен аймаққа мұзды жағу керек. Үйде мұз, мұздатылған ет және басқа мұздатылған тағамдарды полиэтилен пакетке салып, сүлгімен орап алады.
- мүмкін болса гемостатикалық препараттарды енгізу (кальций хлориді, викасол, эпсилон-аминокапрой қышқылы, гемофобин)


Өкпеден қан кетудің себебі өкпенің жарақаты немесе ауруы (туберкулез, абсцесс, ісік және т.б.) және жүрек (митральды жүрек ауруы) болуы мүмкін. Көбік қанды жөтелмен, қанға боялған қақырықпен, еңтігумен, еңтігумен сипатталады. Ауыр қан кету кезінде қан ұйыған кезде жөтелді, жедел қан жоғалту белгілері бар: қатты бозару, бас айналу, қан қысымының төмендеуі. Зардап шегушіге жартылай отыратын жағдай беріледі, тіреу үшін арқаның астына ролик қойылады, кеуде қуысы босатылады (жағасы, шалбар белдігі шешіледі, кеудеге суық компресс қолданылады, таза ауа беріледі). Науқасқа сөйлеуге, қозғалуға, жөтелуге тыйым салынады. Шұғыл түрде медициналық мекемеге жіберуді ұйымдастырыңыз. **Кеуде ішілік қан кету** кеуде жарақатының және ішкі органдардың зақымдануының салдары болып табылады: жүрек, үлкен тамырлар, өкпе. Плевра қуысына қан кету массивті, әдетте, өздігінен тоқтамайды. Плевра қуысында қанның көбеюі өкпенің кеңеюін шектейді, бұл тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуына ықпал етеді. Өкпенің жарылуы өкпеден қан кету симптомдарымен бірге жүреді, тыныс алу жолдарына көп мөлшерде қан түсуі тыныс алудың жоғарылауымен, терінің және шырышты қабаттардың көкшіл түсімен көрінетін асфиксияға әкеледі. Қауіпті белгілердің жоғарылауының жылдамдығы зардап шегушіні хирургиялық көмек көрсету үшін медициналық мекемеге жедел жеткізуді талап етеді. Науқасқа төменгі аяқ-қолдары бүгілген жартылай отыратын жағдай беріледі, кеудеге мұз қаптамасы қолданылады, Асқазанның жарасы, асқазанның қатерлі ісігі, басқа аурулар немесе жарақаттар асқазан-ішек жолдарының люменіне қан кету арқылы қиындайды. Мұндай қан кетудің белгілері кофе ұнтағының түсінің құсуы, шайырлы нәжіс, жедел анемияның жалпы белгілері: бозару, тахикардия, қан қысымының төмендеуі, әлсіздік, сананың жоғалуы. Науқас толық демалумен және көлденең күймен қамтамасыз етіледі. Эпигастрий аймағына мұз пакеті қойылады, мұздың кішкене бөліктерін жұтуға болады. Ауруханаға тасымалдау зембілде жатқан қалпында жүзеге асырылады. **Құрсақішілік қан кету** ішкі ағзалардың зақымдануымен іштің жарақаты нәтижесінде пайда болады - бұл іштің ішіндегі қан кетудің ең көп тараған себебі. Әйелдерде абдоминальды қан кету жиі тубальды жүктіліктің бұзылуымен бірге жүреді. Құрсақішілік қан кету үлкен қан жоғалтумен (2-3 литрге дейін), өздігінен тоқтаудың мүмкін еместігімен, перитонит қаупімен сипатталады. Олар ауыр,

жедел анемия белгілері бар, коллапс. Жәбірленушіні құтқарудың жалғыз жолы - қан кетуді түпкілікті тоқтатуға бағытталған шұғыл операция. Науқасты ішуге және тамақтандыруға тыйым салынады, асқазанға салқын компресс немесе мұз пакетімен және көмек көрсететін адамның сүйемелдеуімен бейім күйде тасымалданады. Қансыраған зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізу кезінде ілесіп жүретін адам науқастың жағдайын, санасын, сыртқы келбетін бақылап, мезгіл-мезгіл тамыр соғысын, мүмкіндігінше қан қысымын тіркейді. Жәбірленушінің өмірі, сайып келгенде, қан кетудің кез келген түріне алғашқы көмектің уақтылы және дұрыстығына байланысты. Қан кетудің нәтижесі көбінесе қан жоғалтудан туындаған патофизиологиялық ауытқуларды қалыпқа келтіруге бағытталған аурухана сатысында жүргізілетін терапиялық шараларға байланысты.

#### 4. Иллюстрациялы материалдар: (Шолу-иллюстративті, буклет ұсынылады)

##### Кровотечение.



Места прижатия артерий для временной остановки артериального кровотечения.



##### Артериальное кровотечение.

Прижимайте артерию выше раны (ближе к сердцу)

Прижимайте поверхностную артерию пальцем крупную (бедренную) ладонью или кулаком



#### 5.Әдебиет:

- Дұрманов, Қ. Д. Жалпы хирургия: оқулық / . - Қарағанды: АҚНҰР, 2017. - 608 бет. С
- Гостищев В.К. Общая хирургия: учебник и CD.– 4-е изд. – М., 2016. – 832 с.;

#### 6. Қорытынды сұрақтары (кері байланысы)

1. Қан кету туралы түсінік
2. Гематома және қан құю дегеніміз не
3. Қан кетудің жіктелуі
4. Қан кету кезіндегі жалпы симптомдар
5. Гемоторакс; түсінігі, клиникасы, емі
6. Гемоперитонеум: түсінік, клиника, емдеу
7. Гемоперикард; Гемокраниум: түсінік, клиника, емдеу
8. Қан кету қаупі мен нәтижесі. Қан кетуді уақытша тоқтату
9. Қысқыш таңғышты салу. Саусақты қысу. Жгут салу.
10. Жгут арқылы қан кетуді тоқтату тәсілінің кемшіліктері

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургия» кафедрасы	44 / 11 ( )	
«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені	44 беттің 13 беті	

11. Қан кетуді соңғы тоқтату. Қан кетуді тоқтатудың механикалық, термиялық, химиялық, биологиялық әдістері.
12. Жедел және созылмалы анемия
13. Қан кету кезіндегі ағзаның компенсаторлық реакциялары
14. Қанның жалпы талдауының қалыпты көрсеткіштері

### №3 дәріс

#### 1. Тақырып: Анестезиологияның жалпы мәселелері.

**2. Мақсаты:** Студенттердің анестезиологияның жалпы мәселелері бойынша білімдерін бекіту және кеңейту. Әртүрлі жансыздандыру түрлеріне көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді анықтауға, жансыздандыру түрін және жансыздандыратын дәріні жеке таңдауға үйрету. Дұрыс премедикация. Жансыздандыру дәрежесін тануға және әртүрлі асқынулар кезінде науқасқа дер кезінде реанимациялық көмек көрсетуге үйрету.

#### 3. Дәріс тезистері:

##### Жансыздандыру

Анестезияның 2 түрін ажыратады : жалпы және жергілікті . Жалпы жансыздандыру немесе наркоз - есінің , сезімталдықтың , бұлшықет тонусының және кейбір рефлекс түрлерінің жоғалуымен қатар жүретін , жасанды жүргізілген ОНЖ - ің қайтымды тежелуі . Наркоз ағзаға фармакологиялық дәрілерді енгізгенде дамиды . Сонымен қатар , оны электр тоғымен де жүзеге асыруға болады .

##### Наркоздың теориялары :

Наркоз жағдайында бас миының тежелуі байқалады . Ол төменгі бөлімдерге және жұлынға тарайды ( И.М. Сеченов ) .

Н.Е. Введенский ( 1903 ) өте күшті тітіркендіргіш ұзақ уақыт әсер ету салдарынан , тежелу дамидынын көрсеткен . Олар жасушаның функциональді қозғалуын ( лабильділігін ) тежейді .

Наркотикалық заттар нейрондардың лабильділігін өте қатты төмендетіп , наркотикалық тежелуге алып келеді .

В.С. Галкин ( 1953 ) - наркотикалық заттардың ОНЖ - не әсер ету теориясын ашқан . Ол алғашқы кезде ми қыртысының тежелуімен , содан кейін қыртыс асты құрылымдарының тежелуімен сипатталады .

П.К. Анохин наркоздың әсер ету механизмін бас ми бағанасының ретикулярлы формациясымен байланыстырды . Оның ұсынған гипотезасы ми қыртысының бөліктерінің наркотикалық затқа сезімталдығының әртүрлі екендігіне негізделген . Ең сезімталы , ретикулярлы формация болып табылады , ал ол көптеген ми қыртысының орталықтарымен және қыртысасты құрылымдарымен байланысқан . Наркотикалық заттың әсерінен , онын ми қыртысына және қыртыс асты құрылымдарына беретін белсендіруші әсері төмендейді , сөйтіп наркотикалық ұйқы дамиды .

Науқасты наркозға дайындау дәрігер анестезиологтың науқаспен жеке қарым қатынасынан басталады . Операцияның қандай көрсеткіштермен жасалатындығын , жансыздандырудың қандай түрін тағайындау керектігін анықтау үшін , науқастың сырқатнамасымен танысуы қажет . Анестезиолог науқастың жүрек - кан тамыр жүйесінің , өкпесі мен бауыр қызметінің жағдайымен таныс болуы керек . Жоспарлы операция болса , операция алдындағы кезеңде гомеостаз бұзылыстарын қалыптандыру керек .

Жансыздандырудың түрін таңдап , операцияның қауіп дәрежесін анықтайды . Бұлар наркоз ағымының және наркоздан кейінгі алғашқы кезеңнің болжамын көрсетеді . Қауіп - қатер дәрежесі Н.Н. Малиновский әдісі бойынша , балдық қағиданы пайдаланып бағаланады . Олар аз дәрежелі қауіп ( I , II ) , орташа дәрежелі қауіп ( III ) және үлкен дәрежелі қауіп ( IV , V ) болып бөлінеді .

##### Наркоздың түрлері

Наркотикалық заттарды енгізу жолына қарай , наркоздың мынадай түрлерін енгізеді ингаляциялық емес наркоз - наркотикалық затты тыныс жолдары арқылы енгізеді;ингаляциялық емес науқас - наркотикалық затты басқа жолдармен енгізеді: веналық , ректальді , бұлшықеттік және т.б.

##### Қолданылатын заттардың саны бойынша

мононаркоз - бір зат қолданылады ;

аралас наркоз - бір мезгілде екі немесе одан да көп зат қолданылады :

қосарланған ( комбинирленген ) - операциялардың әр кезеңінде әртүрлі наркотикалық заттарды қолдану немесе оларды басқа заттармен қосып енгізу ( миорелоксанттар . анальгетиктер , ганглиоблокаторлар ).

**Наркоздың мынадай түрлерін ажыратады :**

енгізу наркозы - аз уақыт әсер етеді , әсері тез басталады , қозу сатысы болмайды ;

демеуші ( негізгі ) наркоз - операция жасау барысында қолданылады ;

базисті наркоз немесе базис - наркоз - беткейлі наркоз , негізгі наркозбен бірге немесе оның алдында анестетикалық зат енгізіледі , ол негізгі наркотикалық заттың мөлшерін төмендету үшін жасалады .

**Ингаляциялық наркоздың түрлері**

Наркотикалық қоспаларды енгізу тәсіліне қарай - маскалық , эндотрахеальді және эндобронхиальді болып бөлінеді . Ингаляциялық наркоздың негізгі түріне эндотрахеальді ( игтубациялық ) наркоз жатады . Бұл кезде наркотикалық қоспа тікелей кеңірдекке жіберіледі . Ол үшін кеңірдектің интубациясы жасалады . Интубация дегеніміз - кеңірдекке ауа өткізетін түтікшені енгізу . Интубация жасалғаннан кейін , наукасты ӨЖД аспабына қосу керек . Ингаляциялық наркозды жүзеге асыру үшін , оңай буланатын ( ұшқыш ) сұйықтықтарды - эфир , фторотан , метоксифлюран ( пентран ) , үшхлорэтилен , хлороформ немесе газ тәрізді наркотикалық заттарды - азот тотығын , циклопропанды қолданады . ӨЖД ( Өкпені жасанды демалдыру ) аспаптары - наркотикалық қоспаларды , оттегіні немесе белгілі бір көлемде және жиілікпен үрлеп жіберу үшін қолданылады . Ингаляциялық наркозды жүргізу әдістері

**1. Ашық әдіс .** Науқас анестетикті атмосфералық ауамен қосып тыныс алады және оны қоршаған ортаға тынысымен шығарады ( маскалық наркоз ) . Бұл әдісте наркотикалық зат көп мөлшерде жұмсалады және операция бөлмесінің ауасын ластайды . Ол операцияға қатысатын медицина қызметкерлеріне зиянды әсер көрсетеді .

**2. Жартылай ашық әдіс .** Науқас оттегімен қосып , аспап тыныс алады және оны қоршаған ортаға тынысымен шығарады . Бұл әдіс науқасқа арқылы наркотикалық затты қолайлы болып табылады .

**3. Жартылай жабық әдіс .** Науқас аспап арқылы наркотикалық қоспаны тыныс алады және оны жартылай аспапқа , жартылай қоршаған ортаға тынысымен шығарады. Аспапқа қайтадан түскен қоспа адсорбер арқылы өтіп , ондағы көмірқышқыл газынан босап , наркотикалық қоспамен араласып , аспаптың тыныс алу жүйесіне түседі де , қайтадан наукастың тыныс жолдарына енеді . Бұл әдісте анестетиктің мөлшері едәуір аз жұмсалады .

**4. Жабық әдіс.** Тынысалу және тыныс шығару аспапқа жүзеге асырылады. Бұл әдіске наркотикалық қоспа толығымен қоршаған ортадан шектелген.

**Маскалық наркоздың жеткіліксіздігі :** басқарып отыру қиын : дозасын анықтау қиын ; наркотикалық зат көп мөлшерде жұмсалады ; аспирациялық асқынулардың даму қаупі бар : операцияға қатысатын медицина қызметкерлеріне әсер етеді ; наркоздың тереңдеуінің салдарынан науқасқа токсикалық әсер етеді .

**Веналық анестезия** - вена тамырына ауырсыздандыратын заттарды енгізу арқылы жүргізілетін жансыздандырудың түрі болып табылады . Негізгі артықшылығы техникалық қарапайымдылық және сенімділік болып табылады . Веналық наркозды жүргізу үшін , қолданылатын заттар : қысқа уақыт әсер ететін барбитур қышқылының туындылары -гексенал және тиопентал натрий ; өте қысқа уақыт әсер ететін барбитур қышқылының туындыларына жатпайтын анестетик - пропанидил ( сомбревин . эконтол ) ; гормональді белсенділігі жоқ стероидты анестетик виадрил : мидың метаболитінің аналогы гаммааминомойқышқылы - натрий оксibuтираты ( ГОМК ) . Сонымен қатар , кетамин ( калипсол , кеталар ) және диприван анестетиктерін де пайдаланады

**Нейролептанальгезия ( НЛА )** - веналық анестезия әдісі . Ол күшті нейролептикті ( дроперидоллы ) және наркотикалық анальгетикті ( фентанилды ) қосып қолдануға негізделген . Бұл кезде наукастың қозғалу тынымсыздығы жоғалады , хирургиялық агрессияға реакциясы төмендейді қоршаған ортаға деген немқұрайлылық пайда болады .

**Миорелоксанттар .** Анестезиологияның негізгі жетістігі кураре тәрізді заттарды бұлшықеттердің босаңсуы үшін қолдану болып табылады ( Грифитте , 1942 ) . Кураретарізді заттар нерв - бұлшықеттік тонусты тежеп , бұлшықеттердің босаңсуын шақырады . Бұл қуыстық жаракаттық операцияларды жасауда , негізгі компонент болып табылады . Миорелаксанттарды енгізгеннен кейін , тыныс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургия» кафедрасы	44 / 11 ( )	
«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені	44 беттің 15 беті	

бұлшықеттерінің тонусы төмендеп , спонтанды тыныс алудың тоқтауы байқалады . Бұл кезде ӨЖД жүргізу қажет .

### **Премедикация**

Операция алдында науқастың алаңдауы зат алмасудың күшеюімен , бүйрек үсті безінің қыртыс қабатының адреналинді көп бөлумен бірге жүреді. Бұл үрдістер анестезияны жүргізуді қиындатып , операция кезінде жүрек аритмиясын шақыруы мүмкін . Сондықтан , операция жасалмас бұрын науқасқа премедикация орындалады . Ол бірнеше күн бұрын транквилизаторлар мен барбитураттарды тағайындауды талап етеді. Операция болатын күні науқасты тамақтандырмайды . Операцияға дейін асқазанды, ішекті , қуықты тазалап , босату керек . Шұғыл жағдайларда асқазанға сүңгі енгізіледі . Нерв жүйесі тұрақсыз науқастарға күні бұрын седуксен немесе реланиум тағайындалады. Түнде ұйықтататын дәрі береді . Операциядан 40 мин бұрын тері астына немесе бұлшықетке 1 мл 1-2 % промедол ерітіндісін немесе 1 мл пентоз ( лексир ) , 2 мл фентанил ерітінділерін енгізеді . Кезбе нервнің қызметін тежеу және саливацияны азайту үшін , 0,1 % атропин ерітіндісін салады .

Аллергиялық анамнезі науқастарға премедикацияға антигистаминді заттарды қосып жасайды . Операция алдында ауыз қуысын тексеріп , шешілетін тістер мен протездерді алып тастайды . Шұғыл операция кезінде асқазанды жуып , премедикацияны операциялық үстелде жасайды және дәрілік заттарды венаға енгізеді . Асқынулардың даму себептері : науқастың жағдайын дұрыс бағаламау ; аурулардың болуы : наркотикалық заттардың теріс әсері : наркоздың тереңдеп наркоздық аспаптардың дұрыс жұмыс істемеуі болып табылады. Асқынулар көбінесе енгізу наркозында немесе ояну уақытысында байқалады Тыныс алу жүйесі жағынан негізгі асқынулар тыныс жолдарының бітеліп қалуынан ( тілдің артқа ығысуы , ларингоспазм , бронхоспазм , тыныс алу жолдарының құсық бөліністерімен бітелуі ) және тыныс регуляциясының бұзылуынан болады . Тілдің артқа ығысуының алдын алу үшін, төменгі жақты дұрыс ұстап тұру керек және ауа өткізетін түтікшені пайдалану қажет . Құсық бөлістерімен болатын аспирацияның алдын - алу үшін , науқас операцияға « бос асқазанмен » бару керек , ал шұғыл жағдайларда , асқазан бөліністерін сүңгі арқылы шығарып , тазалау қажет . Ларингоспазмды жою үшін , венаға промедол және атропин ерітінділерін енгізеді , сонымен қатар тітіркендіруді шақырған ингаляциялық анестетикті жіберуді доғарады . Егер бұл шаралар нәтиже бермесе , онда кеңірдектің интубациясы жасалып, науқасты ӨЖД - га көшіреді .

Бронхоспазмды жою үшін , бронхолитикалық заттарды ( эуфиллин , эфедрин ) енгізеді немесе изодрин және фторотанмен ингаляция жасалады . Бронхиальді демікпесі бар науқастарға , алдын - алу шарасы ретінде премедикацияға антигистаминді заттарды қоса тағайындайды , ал енгізу наркозды кезінде тиопентал - натрий қоспайды .

Тыныстың тежелуі ӨЖД - ды талап етеді .

Жүрек - қан тамыр жүйесінің асқынуларына жүректің соғу ырғағының бұзылуы жедел жүрек жетіспеушілігі , тамырлардың серпімділігінің нашарлауы жатады. Жүректің соғу ырғағының бұзылуы мен тахикардия гипоксия мен гиперкапнияның салдарынан және тыныс алудың бұзылуының себебінен дамиды .

Брадикардия - өте қауіпті асқынуға жатады , ол жүректің тоқтауының жаршысы болып табылады .

Жедел көмек ретінде гипоксияны жою және қан жоғалтуды тоқтату шараларын жүргізу керек .

Брадикардия кезінде атропинді енгізіп , наркоздың тереңдігін бағалау қажет . Кардиоаритмия кезінде , антиаритмиялық заттарды пайдаланады , ал жүрек қарыншаларының фибрилляциясы кезіне, дефибрилляция жүргізіледі.

Артериялық қысым премедикацияны толық жүргізбегенде , қозу сатысында , ауыру сезіміне реакция болғанда , гиперкапния кезінде көтеріледі

Ем - патогенетикалық .

Артериялық қысымның төмендеуінің себептері : гиповолемия ( шок , қан жоғалту , науқасты операцияға дұрыс дайындамау ) , бүйрек үсті безінің жетіспеушілігі , ганглионарлы бөгет , жүрек жетіспеушілігі , постуральді рефлексдер ( дененің орналасу қалпы өзгергенде болатын реакция ) .

Емі-жоғалған қанның орнын толтыру , плазма алмастырушы ерітінділерді құю , кортикостероидтар мен кардиотониктерді енгізу . Ең қауіптісі артериялық гипертензиясы бар науқастардың қан қысымының

төмендеуі болып табылады . Ол операциядан кейінгі кезеңде бас миының немесе корнарлы қан айналымының жедел бұзылыстарына , жедел бүйрек немесе бауыр жетіспеушілігіне әкеліп соғады .

### **Қазіргі кезде жүргізілетін наркоз**

Қазіргі жалпы анестетиктердің , уақытта анестезияның ең сенімдісі қосарланған ( комбинирленген ) интубациялық наркоз болып табылады . Бұл кезде миорелаксанттардың және нейролептанальгезия заттарының әртүрлі комбинациясы қолданылады . Алдымен премедикация жасалады , содан кейін енгізу наркозы беріледі , кеңірдектің интубациясы , сонан соң негізгі наркоз жүргізіледі .

Қосарланған эндотрахеальдінаркоздың артықшылығы :

- тез ұйықтату , козу сатысының болмауы ;
- альгезия немесе III сатыларында операция жасау мүмкіндігі
- наркотикалық заттардың шығын мөлшерінің азаюы ;
- наркоздың токсикалық әсерінің төмендеуі ;
- наркоздың оңай басқарылуы :
- аспирациялық асфиксияның алдын - алуы ;
- кеңірдек пен бронхтардың санациясын жүргізу мүмкіндігі .

### **Наркоздың сатылары**

*Наркоздың клиникалық ағымы 4 сатыдан өтеді :*

**I сатысы - альгезия** . Наркоздың басталуынан 3-5 минут өткеннен кейін басталады . Есі жоғалады , бірақ терісінің түсі өзгермеген , гемодинамика мен тыныс алуы өзгеріссіз болады . Рефлекстері жоғарылаған . Ауыру сезімі үдемелі түрде тежеліп , толық альгезия дамиды . Бұл рауш - наркоз ( есеңгіреу ) деп аталады . Оны қысқа уақыт жасалатын операция кезінде қолданады .

**II сатысы - козу** . Есі толық жоғалғаннан кейін пайда болады . Бұл кезде науқас қозушаң болады , тынысы жиілеген , тахикардия . АҚ жоғарылауы , терісінің қызаруы байқалады , кездің қарашықтары кеңейген , жарыққа жауап бермейді . Науқас күсуы мүмкін .

**III сатысы - хирургиялық ұйқы** -жансыздандырудың міндеті болып табылады . Бұл сатыда хирургиялық операция жасалады . Хирургиялық ұйқы сатысы 4 деңгейге бөлінеді . Олар бір - бірінен тыныс алу жағдайына , жүрек - қан - тамыр жүйесінің рефлекстердің жойылуына қарап ажыратылады . Хирургиялық ұйқы сатысының деңгейін көздің рефлекстері арқылы анықтау ыңғайлы , өйткені олар сопақша мидың көзді қозғаушы орталығымен тығыз байланыста болады және тыныс алу мен қан айналым орталықтарына жақын орналасады . Сондықтан , қарашықтардың реакциясына қарап , тыныс алу мен жүрек қызметінің жағдайын анықтауға болады .

1 деңгей - көз алмаларының қозғалу деңгейі . Осы деңгейдің аяғында көз алмаларының еріксіз қозғалысы тоқтап , олар орталық қалыпқа келеді .

2 деңгей - қасаң қабық рефлексі . Бұл деңгейдің аяқталуы қасақ қабық рефлексінің жоғалуымен сипатталады .

3 деңгей - қарашықтардың кеңею деңгейі .

4 деңгей - диафрагмальді тыныс алу деңгейі . Көз рефлекстерінің салдануы, дафрагмальді тыныстың қатты тежелуі байқалады . Наркозды ары - қарай терендетсе , тыныс алу және тамыр қозғалтқыш орталықтардың салдануы дамып , өлімге алып келуі мүмкін .

**IV сатысы - ояну** . Наркоздың сатылары осы тәртіппен кері қарай жүреді , бірақ ояну уақыты ұзағырақ болады .

### **Кеңірдекке интубация жасау тәсілі**

Кеңірдек интубациясын енгізу наркозы кезінде жүргізіледі, тек сирек жағдайда жергілікті анестезияны қолданып жасайды - ол үшін жұтқыншақты, көмекей қақпашығын және дауыс байламдарын лидокаин немесе ерітінділерімен шаяды. Интубацияны жүргізу үшін қажетті заттар: тік және иілген бас бар ларингоскоптар; әртүрлі диаметрлі интубациялық түтікшелер (үрленетін манжетасымен бірге); түтікшені өткізуге арналған өткізгіш қатты сым; анестезиологиялық иілген қысқыштар; ӨЖД аспабы; вакуум - аспирацияға арналған сорғыш және кеңірдектен, ауыз қуысынан бөліністерді соруға арналған залалсыз сүңгі түтіктердің жиынтығы (әрқайсысына бөлек); науқасқа наркоз беру және кездесетін асқынуларды жою үшін арналған, дәрі-дәрмектердің жинағы. Анестезиолог науқастың бас жағында тұрады, сол қолымен ларингоскопты ұстап, науқастың басын артқа қарай шалқайтады. Одан кейін,



Денесі күйіп қалған адамды естен тану немесе әлсіреу жағдайынан сақтау үшін оған тыныштық, ерекше күтім керек. Сонымен бірге , аминококк, дәрілерін тағайындап, новакаин дәрісін құйып, жедел қан құю керек. Жүрек қызметін жақсаратын дәрілер мен ауыр сыну сезімін төмендететін дәрілерді құр қан тамыры арқылы жібереді.

### Үсік

Дене ұзақ уақыт бойы суықта болып, температурасы төмен ауа әсер етсе, адам үсу жағдайына ұшырайды. Зақымданған ткань үсиді. Қатты суық, сақылдаған аяз, ызғарлы жел, ылғалдылық үсуі жағдайына душар етеді. Әлсіреген, жүдеген ағзада витаминдер көлемі азайған, шарашаған, қансыраған, денесі қысылған қан айналымы бұзылған адам үсікке жиі ұшырайды. Үсікке тез шалынатын көбінесе адамның аяқтары, аяқ саусақтары, адамның бет-аузымен құлақ ұштары.

Үсік төрт дәрежелі болады.



Үсіктің 1-ші дәрежесінде қан айналымы бұзылып, содан соң барып терінің түрі өзгеріп, көгеріп кетеді, не қызарып қалады. Терінің қыртыс қабаты қабыршақтанады, ақыр соңында осы жер суықты сезгіш келеді. Үсіктің 2-ші дәрежелі кезінде терінің қыртыс қабатының астына сары су жиналады. Терінің қыртыс қабатының астына сары су жиналады. Терінің қыртыс қабаты жансызданады. Сары су сарқылып, қан бөлшектеріне араласуына мүмкін. Үсік айыға бастағанда грануляциясыз және тыртықсыз жазылады. Үсіктің 3-ші дәрежесі кезінде бүкіл тері және оның астындағы жұмсақ тканьдар жансыз жағдайда ұшырайды. Ақыр алғанда өлі тканьдардың орнын грануляциялық ткань басады да, тыртық пайда болады. Үсіктің 4-ші дәрежесінде жұмсақ тканьдар мен сүйектер өмір сүруін доғарады. Жансыз ткань өз бетімен түсіп қалады, жаралы жерде бір жыл бойы грануляциялық ткань пайда болады. Диагнозды анықтау үшін уақыт керек. Ауруханада емделіп жатқан адамның үсіген жеріндегі өзгерістерін бірден ешбір дәрігер айта алмайды. Адам денесі бірден үсікке шалынбайды. Ұзақ уақыт суықта қалған адам ғана үсікке шалынады. Яғни үсік дегеніміз-үскірік аяз я боран салдарынан денедегі қан айналымның бұзылуы, суықтан тітіркенген терінің қан тамырларына бірден жиырылып қалуы. Біраз уақыт өткен соң жиырылған қан тамырының өзегі ашылып, кеңіп қалады. Ақырған аяз денені одан әрі қыспаққа ала берсе, қан тамырлары қысылып, екінші рет жиылып қаладыда, қан жүрмейді. Қан айналымы әлсірейді де, қан біржола жоқ болады. Іріқан тамырлары қаннан босап қалады. Суық салдарынан дененің сол бөлігінде қан айналымы, зат алмасу процесі ағзаға оттегінің келуі тоқталғанжерде тканьдар өмір сүруін біржола доғарады. Әлсіз жүдеу, шаршаған, қартайған адамдардың қан тамырлары суық салдарынан жиырылып, қысылып, өзегі тарылып қалады да, қан айналымы бұзылып, қанның жүруі тоқтағандықтан, тканьдар жансызданып, үсікке ұшырайды. Сөйтіп үсік тканьдарды жансыздандырып, өзінің III-IV -ші дәрежесіне жетеді. Үсудің клиникалық белгілері.

Тканьдардағы өзгерістер мен асқынуға байланысты уеу процесі екі кезеңге бөлінеді. Біріншісі-реактивтік кезеңнің алды. Екіншісі-реактивтік кезеңнің өзі. Суыққа ұшырайтын, үсіп кеткен науқасты жылыта бастағанша өтетін мезгілді реактивтік кезеңнің алды деп атайды. Бұл кезең тым ұзақ болуы да мүмкін. Оның клиникалық белгілері шамалы, аз деуге де болады. Денесі үсіп кеткен науқас оны сезбейді де. Тек кейбір кезде үсіген мүшеде шаншу байқалуы мүмкін. Сырттан қараған адам, адам терісінің бозарғанын бірден байқайды. Денені ұстап көріп, оның мұздай боп, жансыз екенін біледі. Реактивті кезең науқас адамның үсіп қалған мүшесін жылыта бастаған мезеттен басталады. Үсіктің 1-ші дәрежесінде үсіген жер жанып бара жатқандай сезіледі. Жылына бастаған дененің терісі ашылып, ашып, қышып тұрады. Тарестезил жағдайы туады. Терінің түрі көгеріңкіреп, ісініп тұрады да, 5-6 күн өткенде бұл құбылыс мүлде жоғалып кетеді. Үсіктің 2-ші дәрежесінде жоғарыдағы белгілерге қосымша эпидермис астында сары су жиналып, тканьдар одан әрі ісінеді. Бұл өзгерістердің беті қайтып, ретінің қалпына келуі үшін 2-3 ай мерзім керек. Егерде осы кезеңде пайда болған сары суға микробтар түссе, ол іріңдеп кетеді де, бүкіл ағзаны уландырып, дене қызуын күрт көтереді, қан құрамы өзгеріп, лейкоциттер саны көбееді. Табанның өлі тканьдары өзінен-өзі бөлініп шығуы үшін аяқ киімнің кең, құрғақ болуы шарт. Уақытында ыстық тамақ ішіп трырудың да маңызы зор. Дененің қан айналымы қалыпты болсын, дымқыл, суық аязда көп болмауға тырысу керек. Суық жерге сапарға аттанар алдында денсаулықты шынықтырып, жаттығулар жасап, спортпен шұғылданып, кендеу, жылы кию керек.

Үсікті емдеу. Реактивтік кезеңінің алдындағы мезгілде ауруды емдеу алғашқыда көмек көрсетуден басталады. Адамның мұздаған аяқтарын 1 сағаттай 20" пен 40 -тан аспайтын жылы сулы ваннаға салып қою керек. Сонымен қатар аяқты сабындап, жуып, жылытып, терісі қызарғанша массаж жасау керек. Үсіген жерді және оның төңірегіндегі 5% иод ерітіндісімен сүртіп, үстіп спирт, ерітіндісіне малынған таңғышпен орап тастайды. Сонан соң адамды төсекке жатқызып, аяқтарын жоғары көтеріп қояды. Науқастың қан айналымын қалыпқа келтіріп, жалпы жағдайын жақсарту үшін, оны көрпемен орап, қымтап, шай беріп, ыстық тамақ береді.

Үсіктің III-IV дәрежеде болуы. Үсіктің III-ші және IV-ші дәрежесі кезеңде дене құрғақ жансыздану жағдайына ұшыраса тканьдар құрған, қарайып, кішірейіп, мумия сияқты болып қалады. Өлі ткань мен тірі ткань аралығында демократиялық шекара болады. Осы шекарада күндердің күнінде өлі ткань, үсіген мүше өзінен өзі түсіп қалады. Шекарадан жоғары жерда қызарған тірі ет, мүше көрініп тұрады. Бара-бара бұл түс грануляциялық тканьдармен жабылады. Өлі текнь құрғақ болса, адамның жалпы жағдайы өзгермейді. Үсіктің III-IV-ші дәрежесінде сары су көбееді, мүше ісініп, домбығады, дене қызуы

көтеріледі, ағзаның уланғанын әртүрлі белгілер көрсетеді. Науқас адамның ұйқысы қашады, басы ауырады, қан құрамы өзгеріп, лейкоциттер көбейіп кетеді. Егерде осындай тканьдарға микробтар енсе, сепсис жағдайына тән клиникалық белгілер пайда болады. Үсіктің III-IV дәрежесінде өлі тканьдер жайылған шекарасы бірден білінбейді. Ол үшін кем дегенде 3-4 жеті уақыт керек. Демократиялық жол, із пайда болғанда өлі және тірі тканьдардың бірінен-бірі айрылу алшақтауы анықталады.

Ауруханаға әкелінген науқас сіреспе ауруына ұрынбау үшін оған сыворотка және оматокаин еккен жөн. Реактивті кезеңдегі үсуді емдеу көбінесе аяқтан басталмақ 1-ші дәрежедегі үсік кезінде аяқты спиртпен жуып, таза шүберекпен орап қояды. Аяқтың қызаруы және ісігі тез арада қайтпаса, физикалық ем жүргізіледі,

УВЧ емі тағайындалады. 2-ші дәрежедегі үсік кезіндегі теріні спиртпен жуып, эпидермисті алып тастап, сарысуды жояды. Енді үсіген жерді спиртке малынған таңғышпен б. 10 күнге дейін таңып қояды. Ол жерде микробтардың көбеймеуі үшін антибиотиктер тағайындалмақ. Аяқтаға қан айналымын жақсарту және буындардың қатайып қалмауы үшін УВЧ емі, ультра күлгін сәулемен емдеп буындардың қозғалысқа келуін қадағалайды. III және IV дәрежедегі үсік кезінде дәрігердің алдында тұрған жаралы жерге микроб түсіп кетпеуінен қадағалау өлі тканьдардың дымқылданып, суланып кетпеуін қарастыру. Ол үшін операциялық жолмен өлі тканьдарды кесіп (некрэктомия) жараны қиып тастайды немесе ол жерді тігіп (некротомия) жараның сулануы, дамқылданудан арылуы үшін ем жүргізеді. Бұл ем ұлы заттардың ағзаға ісінуіне жол бермейді. Өлі тканьдар өз бетімен түсіп қалғаннан соң грануляциялық ткань өсіп жетіледі. Ендігі ем белгілері. Егерде аяқтық үсікке шелынбаған жеріндегі сүйек көрініп тұрса, науқасқа операция жасап, аяқты жоғарғы жағынан кесіп алып тастайды да, жараны терімен жабады. Үсікке ұшыраған адамның жалпы жағдайын жақсарту үшін күшті витаминді тағамдар тағайындалып, оттегі беріледі. Ағзаның уланбауы үшін гемодез, сывороткалар, суық дәрілер тағайындалып оттегі беріледі. Жүрек және басқа да мүшелердің қызметін жақсарту үшін 40% глюкоза ерітіндісін құяды, жүрек жұмысын жақсартатын дәрілер беріп, ем шынықтырмасы қолданылады, науқастың жалпы күтімі жақсартылады.

**4. Иллюстрациялы материалдар: (Шолу-иллюстративті, буклет ұсынылады)**





## 5.Әдебиет:

- Дұрманов, Қ. Д. Жалпы хирургия: оқулық / . - Қарағанды: АҚНҰР, 2017. - 608 бет. С
- Гостищев В.К. Общая хирургия: учебник и CD.– 4-е изд. – М., 2016. – 832 с.;

## 6. Қортынды сұрақтары (кері байланысы)

1. Жарақаттардың қандай түрін білесіз?
2. Түрлі жарақаттардың қандай ерекше белгілерін білесіз?
3. Тасмалдау иммобилизациясының қандай түрлерін білесіз?
4. Қосарланған жарақаттар кезінде қандай кешенді іс-шараларды орындаған жөн?
5. Түрлі жарақаттар кезінде медициналық көмекті уақтылы көрсету несімен қауіпті?

## №6 дәріс

### 1. Тақырыбы: Жабық және ашық механикалық зақымданулар. Десмургия. Тасмалдау.

**2. Мақсаты:** Жалпы травматология бойынша білімдерін дамыту және нығайту. Өртүрлі жарақаттарды клиникалық көріністері бойынша ажырата білуді үйрету. Өртүрлі жарақатты дұрыс диагностика және сынамалы диагностика жасауға үйрету. Түрлі ашық және жабық жарақаттар кезінде және олардың асқынуы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетуді, емдеудің заманауи кешеді әдістерін қолдануды үйрету. Түрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмекті, транспорттық құрсауды салуды, таңыпбайлауды, тасмалдауды үйрету. Түрлі жарақаттары бар науқастарды күту ерекшеліктерімен таныстыру.

### 3. Дәріс тезистері:

Травма кезінде біз жедел жәрдем көмегіне кейде травмпунктке жүгінеміз. Травматологиялық пунктте: кіші операция залы, гипс кабинеті, емшара кабинеті, науқастарды қабылдау кабинеті, сақтау бөлімі, ординатор бөлмесі бар.

АМККК сәйкес травматологиялық пунктте келесі медициналық қызмет көрсетеді:

- \* - Науқастарды қарау және жарақаттың диагностикасы;
- \* - Сынықты репозициялау;
- \* - Буын шығуын орнына қою;
- \* - Гипспен иммобилизациялау;
- \* - Қанқаны Клап бойынша тартып түзету;
- \* - Жараны тазалау, аспетикалық таңғыштарды бастыру;
- \* - Алғашқы жарақаттарды хирургиялық тазалау (жарақатты тігу);
- \* - Саусақтардың жазғыш сіңірін жарақатты алғашқы хирургиялық жолмен тазалау;
- \* - Саусақтың тырнақ пластинасын толмаған травматикалық экстракция кезінде, саусақ тұқылын қалыптастыруымен жарақатын алғашқы хирургиялық тазарту;
- \* - Сіреспенің жедел алдын-алу; (ПСС, АДС-М);
- \* - Құтыру ауруының жедел алдын алу; (КАВ, ЭКВИРАБ).

Егер сізді кене шағып алса, тіке жолы-травмпункт. Ол жерде кене энцефалитіне қарсы вакцина бар, көмек сұраудың алдында, қоңырау соғу қажет және де бірнеше ақыл-кеңестер алу керек.

Сынық белгілері;

- \* — сынған жердің қатты ауруы (шұғыл, сол жердің ауруы);
- \* — аяқ-қол функцияларының бұзылуы
- \* — толық сыну кезінде анық, ал толық емес сыну кезінде және шаншылған немесе аяқ-қол сүйегінің бірі сынуы кезінде онша білінбейді;
- \* — аяқ-қол сүйектерінің қысқаруы (тексеру немесе өлшеу кезінде);
- \* — аяқ-қол сүйектері формасының өзгеруі (деформация-майысу);
- \* — зақымданған жердегі қалыпсыз қозғалыстың болуы (силалап көру кезінде);
- \* — кейде сықырлау немесе сүйек сықырлауы (сынықтардың қажалуы — қолмен сезуге немесе естуге болады);
- \* — кейде дене қызуының көтерілуі (алғашқы күндері — 38°C-қа дейін);





\* — бас сүйегі, қабырға, омыртқа мен жамбас сүйектері сынған кезде бас пен омыртқа кемігі, өкпе, қуық, тік ішек және басқаларының зақымдану белгілері айқындалады.

Ашық және жабық сынықтар кезінде алғашқы медициналық жардем көрсетудің (АМЖК) жалпы ережелері

\* 1. АМЖК кезінде сынықтардың асқынып кетпеуіне (жарақатты шок, қансырау және т.б.) көп көңіл бөлінеді. Ең алдымен, шок немесе артериядан қан кету кезінде (аз уақытқа жгут салынады) жәрдем көрсетіледі. Үлкен түтікті сүйектердің (жамбас және т.б.) сынуы кезінде зардап шегушіге шоктың алдын алу және ауыру сезімін азайту үшін ауыруды басатын дәрілер (промедол, морфин және т.б.) енгізіледі. Морфинді қабырға, жамбас және т.б. сынуы кезінде қолдануға болады.

\* 2. Зақымданған қол-аяқты иммобилизациялау керек (уақытша бекіткіш таңғыш немесе қол-аяқтың, дене бөліктерінің қозғалысы мен тыныштығын қамтамасыз ететін тасымалдағыш жақтаулар салынады).

Олар:

\* - ауыру сезімін (шоктың алдын алу) азайтуға ;

\* - жарақаттық бүлінудің (жұмсақ тіндер мен ішкі органдар) пайда болуына жол бермеуге;

\* - ашық сынық кезінде жара жүщіасы пайда болуы мен дамуының қаупін азайтуға;

\* - сынық сүйектерінің бітіп кетуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі.

1. Тері бүтіндігінің бұзылуы бойынша жарақаттар бөлінеді: ашық және жабық жарақаттар. Ашық жарақатқа ұлпа мен ағзалардың анатомиялық тұтастығының бұзылуы жатады: жара, сынық, күйік, буынның таюы. Жабық жарақатқа - терінің сыдырылуы, сіңірдің созылуы, бұлшық еттің жаншылуы, аяқ - қолдың буыннан шығуы, сүйектің жабық сынуы.

2. Жедел және созылмалы жарақаттар. Жедел дегеніміз ағза ұлпасында бір сәтте қатты әсер ету нәтижесінде пайда болған зақымдану. Созылмалы дегеніміз аз күштің көп мәрте және тұрақты әсерінен пайда болған зақымдану.

3. Тікелей және тікелей емес жарақаттар. Тікелей жарақаттар соққы тиген жерде пайда болады. Тікелей емес жарақаттар, ағзаның басқа жерінде пайда болған жарақаттар.

4. Қайтымды және қайтымсыз жарақаттар.

Жарақаттың себебі - механикалық факторлар (соғылу, ауыр салмақты плитаның астында қалу, биіктен құлау).- химикалық факторлар (қышқылдардың, улағыш заттардың әсері).- физикалық факторлар (ыстық, суық, қысым, электр тогының, рентген, иондаушы сәулелердің әсері).- биологиялық факторлар (бактериялардың, вирустардың, басқа макро және микроағзалардың әсері)- психикалық факторлар (қорқу, ренжу, абыржу салдарынан).

Жарақаттанушылықтың түрлері:

1) транспорттық (автокөліктік, темір, әуе, су жол көліктік),

2) өндірістік (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық),

3) балалық,

4) тұрмыстық,

5) спорттық,

6) көшелік,

7) әскерлік,

8) жасандық (суицидтік) жарақаттанушылық.

Жергілікті белгілері: дененің зақымданған бөлігінің ауырсынуы, бозаруы, ісінуі, қан кетуі, қызметінің бұзылуы.

Жалпы белгілер: ес-түсінен айырылуы, ыстығы көтерілуі, тамырдың нашар соғуы, артериалық қысымның төмендеуі, тыныс алудың, зат алмасудың бұзылуы және т.б.

Жарақаттардың асқынуы: жарақаттық шок, талықсу; қансырау, қан кету; жара инфекциясы; өмірге маңызды мүшелердің қызметінің (жүрек, бүйрек, өкпе) бұзылуы. Әсіресе ауыр зақым алғанда, оқ тигенде есінен танады. Зақымданған кезде миға келетін қан күрт азаятын болса да адам ес-түсін білмей қалады. Мұндай жағдайда естен тануды шок деп атайды.

Шоктың төрт дәрежесі бар.



I дәрежелі шок – орташа жарақат алған кезде болады. Мұндайда тері бозарады, кейде көгереді, бұлшық еттері дірілдейді. Тыныс алу минутына 90-100-ге қан қысымы сынап бағанасынан 100/60 мм-ге дейін төмендейді.

II дәрежелі шок — ауыр жарақат алғанда пайда болады. Мұндай жағдайда шырышты қабаты мен тері бұзылады. Адам сүлесок жатады, айналасына көңіл аудармайды, жай баяу сөйлейді. Тыныс алу минутына 30-ға, тамырының соғуы 120-ға дейін жиілейді, қан қысымы, дене қызуы едәуір төмендейді.

III дәрежелі шок. Көп зақым немесе көп жарақат алған кезде пайда болады. Мұндайда аурудың жалпы жағдайы ауырлайды, терісі бозарады, көгереді, есінен танады, қойған сұраққа естілер естілмес жауап береді. Тамыр соғуы минутына 120-140-қа жетеді, дене қызуы төмендейді. Қан қысымы 60-30 мм-ге дейін төмендейді.

IV дәрежелі шок кезінде ауру есінен танады, тамыр соғуы білінбейді, қан қысымы өте төмен болады, тыныс алуы сирек әрі үстүрт болады. Денеден қан көп кетсе немесе ағза салқындаса, шаршап қалса, тасымалдағанда қосымша зақым келтіріп алса, тасымалдағанда көлікпен селкілдесе, ауруын басатын дәрі берілмесе, адам естен танады. Мұны жарақаттық шок деп атайды. Мұндай жағдайда әуелі алғашқы көмек көрсетіп алу керек. Қан ақса, тез уақытта тоқтату керек. Егер кеуде жотасы үңірейіп тұрса, ондай жағдайда герметикалық таңғыш салады. Ал сүйек сынса, сүйек қозғалып кетпейтіндей етіп таңады, зақымданған болса, онда ыстық кофе мен шай беру керек. Жарақат қай жерде болса да, ол түрі мен ауырлығына қарай жанға батады. Ауру қатты болған сайын зақым алған адамның хал-жағдайы нашарлайды, ауруы асқынады.

Зардап шегушінің ауруын азайту үшін мына тәсілдер қолданылады:

1. Зардап шегушінің үстін жауып, салқындап қалмауын қадағалау.
2. Сынғанда иммобилизация жасау (жақтау қою).
3. Зембілге жатқызу.
4. Құрғақ, сұйық заттарды қолдану (полиэтилен қалтасына салынған мұз, қар, мұздай су) жүйке жүйелерін механикалық тітіркенуден қорғайды, ісігін және жарақаттың қабынуын азайтады.
5. Дәрі-дәрмектен амидопиринді 0,5 г., анальгинді 0,5-1,0 г., ацетилсалицил қышқылын 0,5-1,0 г мөлшерінде қолданған дұрыс.
6. Тасымалдағанда ауруханаға көп селкілдетпей, ұқыпты түрде жеткізген жөн.

Көмек көрсетуші адам жарақаттың түрін оның ауырлығын анықтап, тыныс жолдары мен жүрек қызметінің бұзылғанын ескеріп жедел шара қолдана білу қажет. Зақымданған адам қаны тоқтамай ағып жатса, оны тоқтатып, жарасын таңа білу, сынған жеріне жақтауды дұрыс қойып байлау, ауруды орнынан қозғаған кезде оны дұрыс көтеріп, тасымалдай білу, зардап шегушіні қауіпті аймақтан уақытында алып кету, үстіндегі киімін дұрыс шешіп, көлікке отырғыза, жатқыза білу, жүрекке массаж жасау және қолдан дем алдыру сияқты шараларды жүзеге асыра білу әр адамның міндеті, әрі парызы. Алғашқы көмекті көрсеткен кезде жараға тиетін нәрселер – инфекция жұқтырмас үшін асептикалық таңғыш салады. Өйткені, бұл таңғыш жараны микробтардан қорғайды. Жараларды сумен жууға болмайды. Оны таңар алдында айналасын иодпен немесе спиртпен тазартып сүрту керек. Содан соң жараға зарарсыздандырылған таңғыш салады. Қолда бар болса дербес пакет салған дұрыс. Таңғыш үшін мақта мен дәке қолданылады. Бинт пен мақтадан таңғыш жасалады. Оның ылғал жұтқыш қасиеті жоғары. Қан тоқтатуға арналған дәкелер антисептикалық заттармен байытылған, мұндай дәкелер қанды 2-7 минут аралығында тоқтатады

Жабық механикалық жарақаттың түрлері мен белгілері

Жабық жарақат- тері мен шырышты қабаттардың бүтіндігінің бұзылысынсыз болатын, ағза мен тіндердің зақымдануы. Механикалық әсерден пайда болатын, анатомиясы өзгермеген, тіндер мен ағзалардың жабық зақымын соғылу деп атайды. Ол соққының не құлаудың әсерінен болады. Соғлудың патоморфологиясы алуан түрлі: реактивті қабынду, эксудация мен лейкоциттердің шоғырлануын тудыратын қан құйылу байқалады. Уақыт өткен сайын қанның сұйық бөлімі, кейін фибрин ұйымалары сорылады. Эритроциттердің жартысы лимфа түйінінде сіңірілсе, жартысы сол жерде ыдырайды. Гемоглобин жұмсақ тіндерге еніп, оларды әр түрлі түске бояйды. Гематома сіңірілгеннен кейін, дәнекер тін дамиды, сөйтіп тыртық пайда болады.



Клиникалық белгілері: ауыру сезімі, домбығу, қан құйылу, қызметінің бұзылуы. Қан құйылу жарақаттан кейін 2-3 күні күшейеді және орнында көк дақ (көгеру) пайда болады. Уақыт өте қан бөлшектеніп сорылады, гемоглобин айналысындағы тіндермен әсерлесіп, қан құйылу орнының түсі өзгереді. Ол көкшіл- қызғылт, жасыл, сары түсті болуы мүмкін. Көбінде аяқ- қолдың қызметі бұзылады буын қозғалысы шектеледі. Морфологиялық өзгерістері айқын емес, қызметінің бұзылуымен сипатталатын тіндер мен ағзалардың жабық механикалық зақымын шайқалу деп атайды. Ол жырттылу толқынының әсерінен, биіктен құлағанда пайда болады. Патоморфологиясы: шайқалу кезінде ұсақ тамырлардың тарылуы, содан кейін салдану байқалады, тамырларды қанның тоқырауы, ұсақ ошақты қан құйылулар мен өліеттенген тіндердің ошақтары анықталады. Шайқалуда болатын бұзылыстар ұзаққа созылмайды және өзінен кейін айқын, тұрақты өзгерістер қалдырмайды.

Клиникалық көрінісі шокқа ұқсайды. Бұл кезде науқаста АҚ төмендеуі, басының ауыруы, бас айналу, жалпы әлсіздік, адинамия, салдану, неврит белгілері, сүйек және буындардың ауруы, көру мен есту сезімдерінің төмендеуі, ұйқысының бұзылуы, асқорыту жолдарының дисфункциясы, ЭКГ өзгерістері байқалады. Егер зақымдаушы фактор ұзақ және баяу әсер етсе, қысылуға алып келеді. Терінің сыртқы анатомиялық бүтіндігі көзге көрінерліктей бұзылмағанымен, жұмсақ тіндер, нервтер, мен қан тамырлары қатты зақымдалады, әсіресе бұлшықеттер. Қысылған бұлшықеттер әртүрлі дистрофиялық үрдістерге, тіпті өліеттенуге ұшырайды. Тамырлар қысылса онда тромбтар тұзылуі мүмкін. Қысылудың салдарынан терең ишемия, үдемелі интоксикация тіндердің ісінуі дамиды.

Дененің үлкен аумақты қысылулары спецификалық белгілердің кешенімен ерекшеленеді - " ұзақ қысылу синдромы". Соғылу мен қысылудың емі: анальгетиктер тағайындау, тіндерге қан құйылуды шектеу, науқасты тыныштандыру, зақымдалған қолдарды иммобилизациялау, жергілікті мұзды мұйық қою немесе хлорэтильмен салқындату. Жарақаттан кейін 2-3 күннен соң, ауыру сезімі мен ісіну тоқтаса, сіндіретін дәрілер тағайындалады, жергілікті ыстық басу, ультражоғары жиілік (УВЧ) , массаж қолданылады. Егер гематома үлкен болса, оған пункция жасалады не тіліп ашып дренаж қойылады. Шокқа қарсы ем жүргізіледі. Созылу- тарту күшінің әсерінен болатын, тіндердің анатомиялық бүтіндігінің бұзылыстарын шақырмайтын механикалық зақымдалу. Созылулар сирақ-асық, тізе жәе иық буын байламдарында жиі кездеседі. Ол буындарға тез және бірден қозғалудың салдарынан дамиды. Буын байламдарының созылуында кездесетін ауру сезімі тез қайтады. Зақымдалған жерде домбығу, қан құйылу, ісіну, ауыру сезімі пайда болады. Буынның қызметі онша бұзылмайды. Диагнозды клиникалық рентгенологиялық зерттеу кезінде буынның басқа патологиясы байқалмаған жағдайда қояды. Тері асты шелмайының жырттылуы қан құйылумен бірге жүреді. Шандырдың жырттылуын пальпация арқылы бұлшықеттер босаңсығанда анықтауға болады. Ол қиғаш немесе көлденең жарық болып білінеді. Бұлшықетті тырыстырса, ол шандыр жарығы арқылы домбығып шығып тұрады, жұмсақ және серпімді ісік ретінде анықталады, басқаша оны "бұлшықет жарығы" деп атайды. Жырттылулар толық және толық емес болуы мүмкін. Көбінесе қатаю және күшті жиырылу жағдайындағы бұлшықеттер жыртылады: санның төртбасты бұлшықет, іштің тік бұлшықеті(артқа қарай құлағанда), балтыр бұлшық еті (жүгіріп келіп секіргенде), екібасты иық бұлшықетінің ұзын басы (ауыр зат көтергенде). Бұлшықет жыртылғанда қатты локальды ауыру сезімі райда болады, пальпация кезінде жарықты анықтауға болады, ол бұлшық ет жиырылғанда үлкейеді.

Сіңірдің жырттылуы сіңірдің бұлшықетке ауысқан жерінде не сүйекке жабысқан аймағында байқалады. Олар тырысқан бұлшықеттердің қатты созылып кетуінің салдарынан болады. Көбінесе Ахилл сіңірінің өкшеден, санның төрт басты бұлшықеті сіңірінің тізе тобығы байламының асықты жіліктің бұдырынан жұлынуы байқалады. Сіңір жырттылуы зақымдалған аймақтағы бұлшықет бірден бұзылуына әкеледі.

Менискілердің жырттылуының ішінде тізе буынының ішкі менискінің үзілуі жиі кездеседі. Ол ішкі байламның жырттылуымен бірге жүреді. Мұндай жарақат бірден анықталмайды. Біраз уақыт өткеннен кейін, буын бөгетінің белгілері пайда болады. Буын қуысында сұйықтық жиналады. Иілу контрактурасы байқалады. Баспалдақтан түскенде, қозғалудың қиындауына шағымданады. Буынды ұстап көргенде, ауыру сезімі пайда болады. Балтырды бұрағанда ауыру сезімі күшейеді. Сан бұлшықеттері семіп кетеді. Диагнозды нақтылау үшін артропневмография, контрастты рентгенография, артроскопия жасалады. Созылу мен жырттылудың емі: ауыру сезімін басу, қысып тұратын таңғыш салу, зақымдалған

аяқ-қолды иммобилизациялау, жергілікті суық басу. Буын байламдары созылғанда 8-12 күнге дейін гипс таңғыш салынады. Ұзақ уақытқа салынса, физиотерапия тағайындалады. Шандырдың жыртылуын тигу, тек бұлшықеттің қызметі бұзылғанда ғана орындалады. Бұлшықет толық жыртылғанда, сіңір жыртылуында хирургиялық жолмен тігіп, 3-6 аптаға иммобилизация жасайды, кейін массаж, емдік дене шынықтыру тағайындалады

I. Буынның шығуы. буынның шығуы туралы түсінік.жіктелуі.клиникалық белгілері.емі.алғашқы көмек.

II. Сүйектің сынуы. сүйектің сынуы туралы түсінік. жіктелуі.алғашқы көмек.иммобилизациялау ерекшеліктері.көрсетілетін емнің түрлері.

III. Сүйек қажалуының түзілу сатылары.

Жоспар.

Буынның шығуы- Буынның шығуыбуынның байланыстырушы –капсулалы зақымдануымен және аяққолдын қызметінің бұзылысымен жүретін буын басынын сынып ,турақты турде бітісуі.

Буынның шығуының жіктелуі:

I. Мерзіміне байланысты:

жаңа шығып кету ( жарақат ұзақтығы 3 тәуліктен аз ),

жаңадан емес (жарақат ұзақтығы 14 күнге дейін),

Қартайған шығып кеткен –жарақат ұзақтығы 2-3 аптадан жоғары.

Ашық және жабық шығып кету.

Туа біткен шығып кетубуынның элементтерінің жатыршілік дамуының бұзылысы салдарынан болады.

Алғашқы күндерден-ақ белсенді қозғалыста тұрақты ақсаңдау немесе зақымдалған аяқ-қолдың тірекқабілеттілігінің болмауы байқалады. Бірнеше бөліктерді қатарынан зақымдауы мүмкін,ол кезде зақымдалу симметриялы болады. Бұл өте сирек патология. Толық болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін.Шығып кету физиологиялық қалыпқа қатысты аномальды орналасқан ағзаның немесе оның бөлігінің патологиялық жағдайы

Толық емес шығып кету жиі буын беттерінің айқасуы сақталатын шығып кету.Көбіне кездесетін шығып кету түрі жарақаттық ем түрі. Практикалық тұрғыда тазобедренний буынның диспмпзиясы кезінде байқалады, арнайы ортопедиялық тесттерде (Барденс және Ортолани) айқындалады, сонымен қатар тазобедренний буынның рентгенографиясында көрінеді.

Толық шығып кетубуын беткейінің толығымен болініп кетуі,оның түрлері:

-Паралитикалық шығып кету- патологиялық шығып кету,аяқ-қолдын бұлшықеттерінің салдануынан пайда болады.

-Патологиялық шығып кету- буын аурулары салдарынан шығып кету,ол сүйектің буын беттерінің бұзылысына әкеледі.

-Әдеттегідей шығып кету-сүйектің буынды бастарының анатомиялық өзгерістеріне және буынның байланыстырушы аппаратының және оны қоршаған бұлшықеттердің әлсіздігіне негізделген бір буынның жүйелі түрде қайталанып шығып кетуі.

-Травматикалық шығып кету-сыртқы механикалық әсерлерге байланысты шығып кету.

-Түзетілмейтін шығып кету-бітісіетін сүйектердің арасындағы жұмсақ тіндердің асқынған интерпозициясы,сонымен қатар қартайған шығып кетулер.

-Асқынған шығып кетулер- ішкі – және буын маңылық сынықтармен,магистральды тамырлар мен жүйке өрімдерінің зақымдануымен жалғасатын асқынулар салдарынан болатын шығып кетулер.

Клиникалық көрінісі.

Әдетте, аяқ-қолдың сүйектерінің шығуының симптомы болып ақсаңдау және тіреу қабілеті толықтай жойылады,ауру сезімі,зақымдалған буында қозғалыстың шектелуі;

Төменгі жақтың шығуы- тамақты қабылдауда қиыншылық және тамақтың өтуінің шектелуі,тістердің сәйкес еместігі көрінеді;

Омыртқа шықса (омыртқалардың бітісу дәрежесіне тәуелді) –ақсаңдау,кесілу және салдану,зақымдалған аймақты пальпациялағанда ауру сезімі туады.

Егер шығып кетуге күмәндансаңыз келесі шараларды қолданыңыз:



Көмек үшін тез медициналық мекемеге хабарласу керек. Буынды қозғалтпау керек. Медициналық көмек көрсетілгенше зақымдалған буынды шинамен фиксациялаңыз. Өздігіңізден оны қозғап немесе түзетуге тырыспаңыз. Бұл буынның және оны қоршаған бұлшықеттердің, байламдардың, жүйкелер мен қан тамырлардың зақымдалуына әкеледі. Зақымдалған буынға мұз салады. Бұл ішкі қан кету мен буын ішінде және оны қоршаған тіндердегі сұйықтықтың жиналуының төмендеуі есебінен ісіктің болмауына көмектеседі.

Сүйектің сынуы-

Сүйектің сынуы Сүйектің сынуы күш тускенде сүйектің тұтастығының толықтай немесе болшектеп бұзылуы. Сынықтар жаракаттан кейін, әртүрлі аурулардың нәтижесінде, сонымен қатар сүйек тіні қасиетінің өзгеруі салдарынан да дамиды.

Жіктелуі.

I. Себебіне байланысты:

Травматикалық-сыртқы әсермен шақырылған. Патологиялық-сүйектердегі қандай да бір патологиялық процесстер (мысалы, туберкулез, ісік т.б.) барысында

II. Зақымдалудың ауырлығына байланысты:

Толық: - араласпаған (Без смещения) мысалы, сүйек үстінің асты; - сынықтардың тұтасып өсуі

Толық емес - трещины и надломы

IV. Асқынуына байланысты:

Асқынған: - травматикалық шокпен; - ішкі ағзалардың зақымдалуымен; - қан кетумен; - майлы эмболиямен; жаралы инфекциямен, остеомиелитпен, сепсиспен.

Асқынған емес.

Клиникасы.

Жалпы белгілер: шок, қан кету, майлы эмболия, ұзақ қысылу синдромы;

Жергілікті белгілер:

ауру сезімі, деформация, аяқ-қолдың қызметінің бұзылуы және қысқаруы, патологиялық қозғалғыштық, сынған сүйек ұштарының крепитациясы.

Клиникасы.

Науқас жағдайының ауырлығын және зақымдалу орнын. Егер қан кету болса-тоқтату. Маманданған медициналық қызметкерлер келгенше науқасты ауыстыру мүмкіндігін анықтау. Омыртқажарақаты болған жағдайда науқасты орнынан қозғауға болмайды. Оқшауланған жарақатта зақымдалған аймақты иммобилизациялау, шина тағу. Шина- зақымдалған аймақтағы қозғалысты тоқтата алатын ке-келген зат бола алады. Орын ауыстыруға ешқандай қарсы көрсеткіштер болмаса науқасты медициналық мекемеге тасымалдау. Егер медициналық қызметкерлердің мүмкіншілігі шектеулі болса және науқастың орынын ауыстыруға қарсы көрсеткіштер болса зақымдалған аймақты толығымен иммобилизациялайды, одан кейін қатты тасығыштарды қолданады.

Алғашқы дәрігерлік көмек.

Алғашқы дәрігерлік көмек сол жерде, сонымен қатар травм пункта немесе стационарда жасалуы мүмкін. Бұл кезде науқастың жағдайының ауырлық дәрежесін бағалау, алдын-алу немесе жарақат асқынуын жеңілдету сөзден кейінгі емнің көлемін анықтауы керек.

Дәрігердің тактикасы.

Егер дәрігер зақымдалушыда сынық бар екеніне күдіктенсе, ол төмендегідей әрекет жасайды:

Зақымдалушының жағдайының ауырлығын бағалау. Егер асқынулар туса алдымен өмірге ең қауіптісімен күреседі. Жиі кездесетін асқынулар – шок және қан кету. Дифференциальды диагноз жүргізеді, жарақаттың сынық екеніне көз жеткізеді. Диагноз клиникалық түрде дәлелденсе, зақымдалған аймаққа жоғарғы деңгейде иммобилизация жүргізеді. Иммобилизация жасағаннан кейін зақымдалушыны стационарға госпитализациялау немесе амбулаторлы ем жасау қажеттігі туралы шешім қабылдайды. Жоғарғы дәрежелі дәрігерлік көмек. Жоғары маманданған медициналық көмек әсіресе қиын бөлшекті сынықтарда керек, сүйек сынықтарын дұрыс жағдайда ұстау қиындағанда немесе емнің арнайы әдістерінсіз болмаған жағдайда. Сынықтарға консервативті, сонымен қатар оперативті ем әдістерін қолданған жағдайда әр 5-7 күн сайын рентген бақылау, яғни – репозиция мен регенерация әсерін бағалау қажет.

Сынықтарды емдеу өзіне келесі шараларды қамтиды:

Анестезия және жансыздандыру.

Ауру сезімі – зақымданудың белгісі, бірақ білгілі ақаудың дамығаны байқалса ол қауіпті болады. Сол себептен кез-келген жарақатта, сонымен қатар сынықтар да да ауру сезімінің интенсивтілігін бақылап отыру қажет. Адамның аяқ-қолына транспортты (уақытша) иммобилизация жасағанда төмендегі ережелерді сақтау керек: Аяқ-қолды травмадан кейінгі жағдайында қалдырған жөн, сүйекті өз орнына дұрыстаудың қажеті жоқ. Кем дегенде 2 буынды (сынықтан төмен не жоғары) фиксациялау керек. Мықын және иық сынықтарында 3 буынды фиксациялайды. Шина салғанда және жара болса алдымен жараны өңдеу керек және қанкетуді тоқтату керек.

. Емі.

Консервативті ем.

Консервативті емнің әдістерін 3 топқа жіктейміз:

Иммобилизациялық әдістер:

Иммобилизациялық (фиксацияланған)- жабық репозициядан кейінгі гипсті таңғыштар (немесе полимерлі аналогтары) немесе ығысуы жоқ сынықтарда.

Таңғышты салу-иммобилизациялық таңғыштың астына салынатын сүйек шығыңқыларындағы жырықтарды антисептика ерітіндісімен өңдеп болған соң ойылу тумау үшін мақта немесе матаның бөлшегін салады. Сосын аяқ пен қолға гипсті лонгета немесе оның полимерлі аналогы өойылады және циркуляторлы бинттеу орындалады. Бұл кезде төмендегідей ережелер сақталады:

- Аяқ пен қол мүмкіндігінше физиологиялық қолайлы қалыпта болады.
- Таңғыш міндетті түрде 2 буынды қамтуы тиіс-бірі сынықтың дистальды, екіншісі проксимальды.
- Бинтті қайтадан айналдырмайды, қияды.
- Аяқ пен қолдың дистальды аймақтары (саусақтың ұштары) ашық қалдырылуы тиіс. Соңғы пункт өте маңызды. Таңғышты салғаннан кейін жұмсақ тіндердің ісігі тууы мүмкін, сондықтан аяқ пен қолдың дистальды бөлімдерінде ісікке тән белгілер байқалса, трофикалық өзгерістердің дамуын тоқтату үшін таңғышты ұзыннан кесу керек.

Емі.

Тракционды әдістер.

Негізгі статья: Тракция

Жүктеме арқылы созудың бірнеше түрлерін қолдану скелет ,сирекманжетті, лейкопластырлы, клеевого. Тракцияның мақсаты сүйек сынықтарына тұтасқан бұлшықеттік пластардың әрекетін бейтараптайтын және олардың бірінен –біріне ығысуын болдырмайтын, сонымен бірге сүйек тінінің адекватты регенерациясына жағдай жасайтын созылмаларды құрастыру.

Скелетті созылмалар-оптимальды регенерацияға қолайлы жағдайда сүйек сынықтарын ұстауды қамтамасыз ететін жүк сүйек арқылы өтетін спицаға бекітілетін тракция әдісі. Мысалы, тізе сынғанда спица табан сүйегі арқылы өткізіледі. Мықын сынса –асық жіліктің төмпешігі арқылы өткізіледі.

Жүктеме арқылы созудың қалған әдістері скелетті созылмамен салыстырғанда әсері төмен. Сондықтан олар сүйектің кішкене сынықтарында қолданады. Барлық тракциялық әдістердің принциптері бірдей: адекватты созылуды қамтамасыз ету үшін жүк зақымдалған жердің дистальды бөлігіне бекітіледі. Жүктің массасы тракция жасалатын сүйекке байланысты. Жүктеме арқылы созудың түрлері өзара жүктің бекітілу қасиетімен ерекшеленеді.

Функциональды әдістер.

Функциональды деп- зақымдалған сегменттің иммобилизациясыз немесе минимальды иммобилизациямен емдеуде айтады. Сирек қолданады-кішкене сүйектердің сынықтарында немесе түтікшелі сүйектің жарылуы кезінде.

Емі.

Оперативті ем.

Жабық репозиция және тері арқылы металлостеосинтез. Тері арқылы өткізілетін спица немесе пластин арқылы сүйек сынықтарын фиксациялау. Азинвазивті металлостеосинтез. Тері астында орналасатын, сүйекте бұрандамен бекітілетін пластинамен сүйек сынықтарын фиксациялау.

Ашық репозиция. Операция кезінде сүйек сынықтарын . Ручное репонирование костных отломков с последующей фиксацией штифтами, скобами или пластинами (в зависимости от ситуации) во время операции. Ошақты емес компрессионды-дистракционды остеосинтезге аппарат орнату.

Реабилитация.

Қосымша емдеу әдістері, емдік гимнастика, массаж, физиотерапиялық ем қолданылады. Сынықтың қалпына келу мерзімі оның ауырлығы мен сынықтың орналасуына байланысты. Олар бірнеше аптадан бірнеше айға дейін созылады. Кейбір жағдайларда сынықтан кейін қалпына келу жүрмейді, жалған буын құралады. Бұл жағдайларда эндопротезирлеудің әртүрлі әдістерін қолданады.

Сүйек қажалуының түзілу сатылары:

Көптеген адамдарда сүйектің травмалық сынықтарының тұтасып бірігуі шеміршекті сүйек қажалуының түзілуі арқылы, яғни хондробластикалық типте өтеді. Осы процесс төрт сатыдан тұрады. I - катаболизм сатысы (7-10 күн). Қоршаған жұмсақ тіндердің асептикалық қабынуы дамиды. Массивті қан кету. Сынықтың аймағында қанайналым бұзылады. II-дифференциация сатысы (7-14 күн). Біріншілікті фиброзды – шеміршекті мозольдің клеткаларының түзілуі мен пролиферациясы басталады: фибробласттардың, хондробласттардың, хондроциттердің, остеобласттардың. III-біріншілікті сүйек қажалуының түзілуі (2-6 апта). Шеміршекті қажалу қоршаған тіндерден капиллярлар өседі, қажалудың тамырлар өрімі түзіледі. Механикалық беріктігі жеткілікт емес, өйткені сүйектің кристаллдық құрылымы жоқ, минерализациясы да жетілмеген.

IV- соңғы, сүйек қажалу минерализациялану сатысы (2-4 ай).

Сүйектің алғашқы минерализациясы жүреді. Соңынан кристаллаларлық байланыстар түзіледі, ол сүйектің екіншілікті минерализациялануы болып саналады

Сүйек тұтастығының бұзылуы — сыну деп аталады. Бұл механикалық күш өсерінен болып, жұмсақ тіндердің зақымдануымен сипатталады. Сынықтың жабық және аттық түрлері бар. Ашық сынықтарда сынған жерде жара болады. Бұл өте қауіпті, өйткені жараға инфекция түсу қатері жоғары. Егер сынық екі жарықшақты болса, онда ол:

1) Жабық (бейбіт уақытта — терінің зақымдануынсыз);

2) толық (сүйектің бүкіл тұтастығының бөлігі бұзылуы), толық емес (сүйек шыбығының белгілі бір бөлігі бұзылуы) болып бөлінеді.

Зақымданған сүйектің өзінде едәуір өзгерістер болуымен бірге, оның айналасындағы жұмсақ тіндер де (тері, бұлшық ет, буын жүйке) өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Сынық белгілері:

—сынған жердің катты ауруы (шұғыл, сол жердің ауруы);

— аяқ-қол функцияларының бұзылуы — толық сыну кезінде анық, ал толық емес сыну кезінде жөне шаншылған немесе аяқ-қол сүйегінің бірі сынуы кезінде онша білінбейді;

— аяқ-қол сүйектерінің қысқаруы (тексеру немесе өлшеу кезінде);

аяқ-қол сүйектері формасының өзгеруі (деформация-майысу);

зақымданған жердегі қалыпсыз козғалыстың болуы (силалап көру кезінде);

кейде сықырлау немесе сүйек сықырлауы (сынықтардың қажалуы — қолмен сезуге немесе естуге болады); кейде дене қызуының көтерілуі (алғашқы күндері — 38°C-қа дейін);

бас сүйегі, қабырға, омыртқа мен жамбас сүйектері сынған кезде бас пен омыртқа кемігі, өкпе, қуық, тік ішек және басқаларының зақымдану белгілері айқындалады.

Сынық түрлері мен олардың асқынулары

Толық сынық түрлері:

келденең сыну сызығы — сүйек ұзындығына келденең келеді (түтікті сүйектерде, қысқа сүйектерде — біяек, балтыр, табан сүйектері, тізе тобығы, өкше сүйегі және т.б.);

қиғаш сыну сызығы — сүйек ұзындығына көлденең (аяқ-қолдың ұзын сүйектерінде жиі кездеседі);

бойлық сыну сызығы — сүйек ұзындығына параллель (көбіне саусақ сүйектерінде немесе аяқ-қол ұзын сүйектерінің буын ұштарында); бұранда төрізді сыну сызығы — бұранда төрізді сызық түрінде (ұзын сүйектердің бұралған кезінде - көбінесе аяқ, иық сүйектерінде);



5) аралас сыну (сызықтарының бірнешеуі Т—төрізді, III—төрізді, сына төрізді және т. б.) сызығы.

Көбінесе ішкі және буын айналасы сүйектерінің сынуы;

б) шаншылған сүйек сынығы — басқа сүйекке еніп ("шаншылып") кетеді. Сүйек тұтастығының бұзылуы саныбойынша жекеленген және көптеген, жарықшақты болады (сүйектің үш және одан да көп сынуы, көбінесе оқ тиген жараларда). Сыну кезінде сүйек сынықтарының орны ауысуы мүмкін (бұлшық еттің жиырылуы сүйек сынығына жабысып тұрған) инфекцияның дамуы (жұмсақ тіндердің іріндеуі, зақымданған сүйекте іріңді некротикалық процестің дамуы — оқ тиген жара остеомиелиті).

Балаларда ерекше сынықтар жиі байқалады — мертігу-лер сүйек дөңесі бетіндегі сынық сүйек асты-үсті аз жылжуы, эпифизиолиздер, сүйек ұштарындағы сүйектенбеген эпифизарлы шеміршек аумағындағы сынық.

Сынық кезінде зардап шегушіні толық тыныш қалыпқа келтіру керек. Бұл шоктың пайда болу себептерін азайтады, жұмсақ тіндер мен тамырлардың сүйек сынықтарымен зақымдануының алдын алу қажет. Егер сынықтар ашық болса, онда алдымен қан кетуді тоқтатып, жараға таңғыш салады. Киім мен аяқкиім шешіледі немесе тігісінен сөгіледі

Буындардың шығып кету механизмі

Буын шығуы — буын сүйектерінің өз орнынан қозғалуы. Буын толық және жартылай шығуы мүмкін. Әдетте екі сүйек буын қалтасында бір-бірімен түйісіп, беттесіп тұрады. Кейде баланың буыны іштен шығып тууы, күнделікті өмірде жарақаттанудан және түрлі ауру салдарынан шығуы мүмкін. Буынның іштен шығып тууы, көбінесе, жамбас, иық, шынтақ буынында жиі кездеседі. Ол жамбас, ұршық буынының толық өсіп-жетілмеуіне байланысты және Буын шығуының өте жиі кездесетін түрі оқыс жағдайда жарақаттанудан болады. Буын шығуында оны қоршаған сіңірлер, қалталар, сүйектің түйіскен жеріндегі тері зақымданып, тіпті сүйегінің сынуы да мүмкін. Мұндайда сүйек қана тайып қоймайды, сонымен қатар буынға жақын орналасқан қан тамыры және жүйке талшықтары да зақымдануы мүмкін. Буынның патологиялық шығуы түрлі буын ауруының салдарынан (артрит, полиартрит, жүйке аурулары) болады. Шыққан буынды тек маман дәрігерге көрсетіп емдеу қажет. Шыққан буынды орнына салып, таңғышпен байлау керек. Мезгілінде емделмеген, орнына түспеген буын ескірген шығу деп аталады. Мұндай буын тек операция арқылы қалпына келтіріледі. Жіктемесі: толық және толық емес, жаңадан болған және ескірген, жабық және ашық, туа біткен және жүре пайда болған (жарақат немесе ауру салдарынан), сүйектің шыққан басының қалпына байланысты: алдыңғы, төменгі, артқы. Егер тоқпан жіліктің шығуы ең болмаса 2 рет қайталанса, онда оны үйреншікті деп атайды.

Диагностика критерилері:

1. Дельта тәрізді бұлшықет рельефінің жалпақтануы.
2. Иықтық өсіндінің айқын шығыңқы болуы, одан төмен жатқан тіндердің ішке қарай тартылуы.
3. Белсенді қимылдардың шектелуі.
4. Серпімділігі.
5. Иықтық буынды қысқан кезде неврологиялық симптоматика анықталады.

Лабораторлық зерттеулер: тән емес.

Инструменталдық зерттеулер: диагноз рентгенография кезінде, тура, бүйірінен және аксиалдық проекцияларда дәлелденеді. Шығуды сынықтан ажырату қажет.

Мамандар консультациясы үшін көрсетімдер: қосарланған патологияларға байланысты.

Дифференциалды диагноз: жоқ. Негізгі диагностикалық шаралар тізімі: жоқ. Қосымша диагностикалық шаралар тізімі: жоқ. Емдеу тактикасы. Ем мақсаты: тайған сүйекті орнына салу, ауыру сезімін жою. Егер науқас зақымдалған қолдың қолбасын қарама - қарсы иығына сала алса, онда тоқпан жілік дұрыс салынды деген сөз.

Дәрі-дәрмектік ем: жоқ. Дәрі-дәрмектік ем:



Тоқпан жіліктің алдыңғы шығуын жалпы анестезия немесе петидинді тамыр ішіне енгізгеннен кейін келесі әдістердің бірін қолдана отырып, орнына салады. Кохер әдісімен тоқпан жілікті орнына салу Кохер әдісімен таюды салу

- зақымдалған қолдың білегін тік бұрыш жасап бүгіп, тоқпан жілікті денеге қысып, тоқпан жіліктің білігі бойынша созып-тартады.



- тоқпан жілікті денеден ажыратпай, білегі бойынша созып тұрып, тоқпан жілікті баяу сыртқа қарай ротациялайды.
  - созуды босаңсытпай, шынтақты алдыға және медиалды жаққа қарай тартады.
  - иықты күрт ішке қарай ротациялайды. Бұл кезде науқастың қолбасы қарама-қарсы тоқпан жілікке орналасады. Шығуды Гиппократ әдісімен салу
- Дәрігер арқасында жатқан науқасқа арқасымен зақымдалған иық жағынан отырып, науқастың қолбасын қолына алады. Одан кейін дәрігер өз аяғының өкшесін (зақымдалған қолмен аттас) науқастың қолтық аймағына орналастырып, қол білігі бойынша соза отырып, өкшесімен тоқпан жіліктің басына қысым түсіреді. Шығуды Милч әдісімен салу
- науқас артқа қарау 30 градусқа шалқаяды;
  - дәрігер науқастың білегін 90 градусқа дейін баяу бүгеді;
  - одан кейін науқас дәрігердің көмегімен қолын шүйдесіне жеткізгенше көтереді;
  - бұл кезде дәрігер тоқпан жілік білігімен созады, ал оның көмекшісі иықүстің нық ұстап тұрады.

**4. Иллюстрациялы материалдар: (Шолу-иллюстративті, буклет ұсынылады)**



**5.Әдебиет:**

- Дұрманов, Қ. Д. Жалпы хирургия: оқулық / . - Қарағанды: АҚНҰР, 2017. - 608 бет. С
- Гостищев В.К. Общая хирургия: учебник и CD.– 4-е изд. – М., 2016. – 832 с.;

**6. Қортынды сұрақтары (кері байланысы)**



1. Травматология негізі. Жіктелуі. Өндірістік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық көшелік, спорттық әскери травматизмнің түсінігі.
2. Алғашқы көмекті ұйымдастыру.
3. Жабық жарақаттар.
4. Жұмсақ тіндердің зақымдануы
5. Буындардың шығып кетуі.
6. Сүйектің сыныуы. Жіктелуі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

44 / 11 ( )

«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені

44 беттің 43 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Хирургия» кафедрасы

44 / 11 ( )

«Жалпы хирургия» пәні бойынша дәріс кешені

44 беттің 44 беті